

ISSN 2706-8293

Ғылыми
журнал



Научный
журнал

Баишев университетінің
ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК
Баишев университета

2021

№ 4 (74)

**БАИШЕВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ**

**ВЕСТНИК
БАИШЕВ УНИВЕРСИТЕТА
научный журнал**

Қазақстан Республикасының ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркелген, куәлік № 4645-Ж Зарегистрирован в Министерстве информации Республики Казахстан, свидетельство № 4645-Ж от 29.01.2004 г.

Үш айда бір рет шығады Выходит один раз в три месяца

**№ 4(74)
декабрь
2021**

2000 жылдан бастап шығады

Издается с 2000 года

БАС РЕДАКТОР ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР Ахан Б.А. БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ ЗАМ. ГЛАВНОГО РЕДАКТОРА Лыгина О.И. РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ РЕДКОЛЛЕГИЯ Ташмухамбетов Б.Г. (Қазақстан) Абрахам Алтонаян (Великобритания) Асаров А.А. (Қазақстан) Бияшев Б.Г. (Қазақстан) Жанпейсова Н.М. (Қазақстан) Камаруль Хавари (Малайзия) Корченко А.Г. (Украина) Ли Дзень Хун (КНР) Асадуллин Р.М. (Россия) Мухитдин Бин Исмаил (Малайзия) Султангареева Р.А. (Россия) Тяпухин А.П. (Россия) Терегулов Ф.Ш. (Россия)	МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ CONTENTS ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫ СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ СЕЙТЕНОВА САЛИМА САҒЫНҚЫЗЫ Мерейтой иесінің ғылыми-педагогикалық қызметі Сейтенова С.С. Болашақ педагогтың креативтік құзыреттілігін қалыптастыру моделі Сейтенова С.С., Жақсылық А.А. Бастауыш сыныпта STEAM технологиясын пайдалану арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру С.Ш.Изтлеуова Тілдік және шешендік даярлықтың әлеуметтік мәні	 5 9 14
---	---	---

<p>Кереев Я.М. (Казахстан) Махамбетова У.К. (Казахстан) Уразғалиева М.А. (Казахстан) Морочковская А.А. (ответственный секретарь) Адрес редакции: г.Актобе ул.Бр.Жубановых д.302 «А» для писем: 030000 г. Актобе, а/я 64 e-mail: vestnik@bu.edu.kz тел.: 8(7132) 974083</p> <p>Жарияланған мақала авторларының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Мақала азмұнына авторлар жауап береді. Опубликованные материалы второв не отражают точку зрения редакции. Авторы несут ответственность за выбор и представление фактов. Редакционная коллегия оставляет за собой право корректировки по ГОСТ 7.5.-98 «Журналы, сборники, информационные издания. Издательское оформление публикуемых материалов», ГОСТ 7.1-2003 СИБИД «Библиографическая запись. Библиографическое описание. Общие требования и правила составления». Сдано в набор 29.12.2021 г.</p> <p>Подписано в печать 29.12.2021 г.</p> <p>Формат 21x29,7. Печ.л.8,4 Тираж 100 экз. Отпечатано в РИО Баишев Университета</p>	<p>К.М. Абильдаева, Н.Н. Айсева Ұлттық антропонимикадағы мифологиялық- тотемистік және діни көзқарастар 20</p> <p>Жәниет Н.Б. 26 Мектеп жасына дейінгі баланың мектепке дейінгі ұйымға бейімделу процесін зерттеу</p> <p>Исина Ш.А., Саммерс Д.Г. 30 Жасөспірімдер агрессиялығының себептері және оның алдын алу жолдары</p> <p>Ж.И. Сұлтан, Д.Г. Саммерс 35 Жоғары оқу орындарында оқитын білім алушыларғалардың өзін-өзі дамытуы</p> <p>Т.С. Жұмабек 39 Білім беру жүйесінде бастауыш мектеп оқушысы өміріндегі мұғалім қызметінің ерекшеліктері</p> <p>Пірімжанова А.П., Сембигалиева С.Р. 45 Бастауыш сыныпта инновациялық технологияларды қолдану</p> <p>К.О. Умербаева, Г.У. Дуйсенғалиева 49 Оқытудың белсенді әдістерін қолдану арқылы оқу процесінің мотивациясын арттыру</p> <p>Ж.А. Майданғалиева, Цымбалюк В. Н., Курманова С.А. 55 Новый казахстанский букварь: проблема реализации аналитико-синтетического метода обучения грамоте</p>
---	---

ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫ
СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ



СЕЙТЕНОВА САЛИМА САҒЫНҚЫЗЫ

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының академигі, Қазақстан Республикасының жоғары оқу орнының үздік оқытушысы, Халықаралық КАНКОРД академиясының корреспондент мүшесі, ҚР мемлекеттік ғылыми степендия иегері, «Ұлағат» педагогикалық институтының директоры.

Сейтенова Салима Сағынқызы 1961 жылы Орынбор облысы Сакмар ауданы Грязцы селосында дүниеге келді. 1978 жылы орта мектепті бітіріп, еңбек жолын мектеп интернатта тәрбиешіліктен бастады. 1980 - 1985 Ақтөбе педагогикалық институтын «Қазақ мектебінің орыс тілі мен әдебиеті» мамандығын, 2002-2005 Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығын үздік дипломмен аяқтады, 1985-1993 жылдар аралығында мамандығы бойынша мектепте мұғалім болып еңбек етті. 1993-2020 жылдар арлығында Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде оқытушы, 2006-2008 жылдары Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтында кафедра меңгерушісі болып қызмет атқарды. 2017 жылдан Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде «Педагогика, психология және бастауыш оқыту» кафедрасының меңгерушісі, 2020-2021 жылдары Баишев Университеті «Педагогика, психология және пәндік технологилар» кафедрасының меңгерушісі, «Ұлағат» педагогикалық институтының директоры.

2000-2006 жылдар аралығында п.ғ.д. профессор Ф.Ш.Оразбаеваның жетекшілігімен «ЖОО оқитын студенттерге қазақ тілін оқыту әдістемесі» тақырыбында кандидаттық диссертация дайындап, 2006 жылы 26 сәуірде диссертациясын Абай атындағы Алматы мемлекеттік педагогикалық институтында сәтті қорғап шықты.

2008 жылы Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты Ғылыми кеңесінің шешімімен Академиялық доцент және студенттер арасында жүргізілген сауалнама негізінде

АГПИ «Үздік оқытушы» атағы берілді және төс белгімен марапатталды. «2013 жылдың жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағының иегері және 2014 жылдан Халықаралық КАНКОРД академиясының корреспондент мүшесі.

С.С.Сейтенова 2017 жылы қауымдастырылған профессор атағына ие болды, 2017 жылы ҚР мемлекеттік ғылыми степендия иегері, 2020 жылы Қазақстан педагогикалық ғылымдар Академиясының академигі атанды. Салима Сағынқызының шетелдік басылымдарда: АҚШ, Индия, Канада, Австрия, Франция, Чехия, Украина, Ресей елдерінде өткен конференция жинақтарында 200-ден аса ғылыми мақаласы және СКОПУС базасындағы импакт-факторлы журналдарда 10 мақаласы жарық көрді, 1 монографияның, 3 ұжымдық монографияның, 28 оқу-әдістемелік құралдың, 7 электронды оқу құралдарының авторы.

Біліктілікті көтеру және тәжірибе алмасу мақсатында 2014 жылы Франция мемлекетінің Париж қаласында Халықаралық КОНКОРД Академиясы ұйымдастырған «Organizations international scientifique» тағылымдамасынан және Түркия еліне Стамбул қаласындағы Стамбул университетінің шақыртуымен біліктілікті көтеру және тәжірибе алмасу мақсатында тағылымдамадан өтті.

Салима Сағынқызы әр студенттің шығармашылық қабілеттерін арттыру мақсатында жұмыс жүргізіп отырады. Мұндай студенттері республикалық, облыстық, қалалық іс шараларда топ жарып ерекшеленіп жүр. Студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмыстары байқауында студенттердің ғылыми жобасына жетекшілік жасап нәтижесінде: 2014 жылы ҚР СҒЗЖ конкурсына «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 4-курс студенті Т.Е.Қожаберген ІІ дәрежелі дипломмен; 2016 жылы «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 3-курс студенті Ш.Ә.Рэн І дәрежелі дипломмен және «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 4-курс студенттері Б.А.Елеусизова мен Г.С.Сейтжанова ІІІ дәрежелі дипломмен; 2017 жылы «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 2-курс студенттері ІІІ дәрежелі дипломмен марапатталды.


Сейтенова С.С. еңбек жолында жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруде және болашақ білікті маман дайындау ісін үлкен жауапкершілікпен атқарғаны үшін төмендегідей марапатқа ие болды:

- АқМПИ 40 жылдығына орай қажырлы еңбегі үшін Алғыс (Бұйрық № 231-П 30.11.2006ж).
- АӨМУ ректорынан АЛҒЫС ХАТ, 2013 ж.
- Ақтөбе облысының кәсіподақ ұйымының мақтау грамотасы, 2014 ж.
- Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ ректорынан АЛҒЫС ХАТ, 2014 ж.
- Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ студенттер арасындағы ҚР тәуелсіздігіне арналған «Менің Отаным-Қазақстан» тақырыбындағы зерттеу жобасына ғылыми жетекшілігі үшін АЛҒЫС ХАТ. Ақтөбе, 2015 ж.
- Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің 50 жылдығына байланысты қажырлы еңбегі үшін Ақтөбе қаласының әкімі Б.Сағыннан АЛҒЫС ХАТ, Ақтөбе, 2018 ж.
- ҚР тәуелсіздік күніне орай Ақтөбе облысының әкімі Б.Сапарбаевтан АЛҒЫС ХАТ, Ақтөбе қ.
- ҚР БЖҒМ А.Аймағамбетовтен АЛҒЫС, НҰР-СҰЛТАН, 2019 ж.,
- Баишев университеті Президенті С.Ахановтан АЛҒЫС ХАТ, Ақтөбе, 2020 ж.
- Ақтөбе облысының әкімі О.Оразалиннен АЛҒЫС ХАТ, Ақтөбе, 2021.
- ҚР БЖҒМ Вице-Министрі Ш.Каринадан АЛҒЫС ХАТ, НҰР-СҰЛТАН, 2021 ж.

2017 жылдан бастап ҚР БҒМ-нің ғылыми гранттық жобалар бойынша АО «Мемлекеттік ұлттық ғылыми-техникалық сараптама орталығы» АҚ-ның сараптамашысы,

2018 ж. Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының шешімі бойынша VI Республикалық тәуелсіз қоғамдық байқаудың жеңімпазы ретінде «Үздік ұстаз» төсбелгісімен марапатталды. 2019 ж. «Қазақстанның құрметті ұстазы - 2019» атты төсбелгісімен марапатталды. ҚР БЖҒМ Республикалық ғылыми- практикалық Білім мазмұнын сараптау орталығының сарапшысы. 2021 ж КУӘЛІК ҚРБЖҒМ ғылым және ғылыми-техникалық қызмет субъектісі ретінде бес жыл мерзімге аккредиттелді Нұр-Сұлтан қ.

Сейтенова Салима Сағынқызынан дәріс алған, тәрбие көрген мұғалімдер республиканың түкпір - түкпірінде жемісті еңбек етіп, ұстаздық қызметте жүр. Жоғары мектеп саласында С.С.Сейтенова белсенді ұйымдастырушы, ізденімпаз оқытушы.



МРНТИ 14.07.07

¹ Сейтенова С.С.

¹ Баишев университеті, Қазақстан
seitenova_ss@mail.ru

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЫҢ КРЕАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МОДЕЛІ

Аннотация

Мақалада автор педагог қызметінде креативтік құзыреттілікті қалыптастырудың маңызы туралы және «креативтік» терминіне берілген түсініктерге талдау жасаған. Сондай-ақ болашақ маманның креативтік құзыреттілігін қалыптастырудың жолдарын бірнеше компоненттерден тұратын модель түрінде көрсетуге талпыныс жасалған.

Кілт сөздер: креативтік, креативтік құзыреттілік, болашақ педагогтың креативтік шығармашылығы, модель

Білім беру жүйесінің негізгі міндеттері ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде тұлғаны қалыптастыру, дамыту және кәсіби даярлау болып табылады

Бұл қазіргі уақытта мамандарды даярлау сипатына байланысты, әсіресе, педагогика ғылымында маман дайындау сипатының жан-жақтылығын көрсетеді, себебі педагог мамандығының басты ерекшелігінің өзі аталмыш қасиеттерді оқушы бойында қалыптастыру мен дамыту болып табылады. Бұл талаптар болашақ педагогтарда ерекше құзыреттілік – креативтіліктің қалыптасуының өзектілігін көрсетеді. Креативтілік - бұл жаңа педагогикалық өнімді қабылдау мен дамытуға, идеяларды, шешімдерді жасауға және оқуға бағытталған коммуникативті, шығармашылығын одан әрі қалыптастыруға ықпал етеді (жетістікке жету үшін ынталандыру, білмекке құмарлық, қауіпке бас тіге білу, белсенділік) бірлігі [1]. Соңғы жылдары И.Е.Брякованың, А.М.Давтянның, Н.В.Зеленконың, Ф.В.Шарипованың және т.б. креативтік құзыреттілікті зерттеуге арналған еңбектері пайда болды.

Сонымен бірге қазіргі заманғы білім беру саласындағы жағдаят гуманистік және гуманитарлық стратегия идеяларына ерекше назар аударады: педагог пен білім алушылар арасындағы өзара қарым-қатынасты «адамилыққа» бағыттау; педагогикалық қызметті дара-тұлғалық қиындықтарды бірге жеңуге бағытталған бірлескен қызмет ретінде қарастыру және т.б. Т.А.Жданко, О.Ф.Чупровалардың пікірлерінше: «Тұлғаның дамуы мен педагогикалық өзара әрекеттесу тек пән арқылы ғана емес, сонымен бірге өмірлік маңызды жағдаяттардан тұратын өзара әсерлесудің белгілі бір кеңістігін жасау арқылы да жүзеге асырылады» [2]. Бұл негіздеме ерекше педагогикалық өзара әрекеттесуді ұйымдастырудың қажеттілігін өзектендіреді. Бұл бірлескен ғылыми шығармашылық ізденіс болып табылады, басқа сөзбен айтқанда, білім алушылардың зерттеушілік потенциалын пайдалана отырып, ғылыми зерттеуді белсенді түрде қаржыландыру, жас зерттеушілерге мақсатты гранттар бөлу арқылы, сондай-ақ

Қазақстан Республикасының өңірлерінде ғылыми, зерттеу, инновациялық және технологиялық технопарктер, технологиялар, инкубаторлар және т.б. ашу есебінен оқытудағы нысаналы құрамдауышты ұлғайтуға болады. Бұл тәжірибе, өз кезегінде, шығармашылық қоғамдастықтар мен қоғамдастықтарда жұмыс істеуге дайын креативті ойлайтын мамандарды даярлау қажеттілігінің өзектілігін көрсетеді. Бірлескен ғылыми шығармашылық арқылы біз өтпелі процесті (мониторинг және коммуникация) жүзеге асырамыз және жүйелі («кездесу», «түсіну», «ойлау», «шығармашылық») фазалардан тұруды жорамалдайтын, әдіснамалық тұрғыдан алғанда герменевтикалық ықпал ережесіне негізделген ғылыми-зерттеу қызметіндегі педагогикалық үдеріс субъектілерінің өзара әрекеттесу әдісін түсінеміз [3].

Болашақ маманның креативтік құзыреттілігін бірлескен ғылыми шығармаластықта қалыптастыру проблемасын анықтаудың алғышарттары А.Н.Ворониннің, И.П.Ивановтың, А.В.Морозовтың, А.В.Растянниковтың, С.Р.Яголковскийдің және т.б.-лардың жұмыстарында қарастырылған, сондай-ақ ҚР-сында білім беру мазмұнын жаңғыртуға бағытталған құжаттарда бұл мәселеге ерекше назар аударылады. Өз жұмысымызда біз болашақ педагогтардың креативтік құзыреттілігін бірлескен ғылыми шығармаластықта қарау жолдарын модель түрінде көрсетуге талпыныс жасаймыз.

Педагогикалық сөздікте «модель» деп түпнұсқаның кейбір ерекше қасиеттерін елестететін, оны зерттеу ол объект туралы жаңа ақпарат беретін және оны алмастыра алатын объектілер мен белгілер жүйесі ретінде түсіндіріледі"[4]. Құзыреттілік көзқарас аясында креативті құзыреттілік тек жеке білім, білік және дағдыларды меңгеру ретінде ғана емес, оларды әртүрлі жағдайларда өзін өзі дамытуға, өзін өзі жүзеге асыруға және өзін өзі өзектендіруге бағытталған тұлға дамуының жоғары деңгейі мен тәжірибесіне жету үшін тиімді және өнімді әрекет ету үшін қолдана білу мүмкіндігі ретінде түсіндіріледі. Жүйелік-әрекеттік көзқарасқа қатысты таным үдерісі білім алушыларға ақпараттарды жеткізу арқылы ғана емес, сонымен бірге олардың өзіндік белсенділік үдерісінде де жүзеге асады. Мұндай

белсенділік тұлғаның өз даму траекториясы мен жеке ғылыми мансабын құруда, оны дараландыру мен жекешелендіруде қажеттіліктер мен мүмкіндіктерін көрсету арқылы жүзеге асырылады. Герменевтикалық көзқарас педагогикалық үдеріс субъектілерінің өзара түсінісуі мәселесінің шешілуіне, нақты айтқанда, ғылыми шығармашылық ақпаратты тек жеткізуге ғана емес, субъектілердің қызметін мазмұндық іздеуге, түсіндіруге, түсінуге негізделеді. Бұл жерде эмоционалды-адамгершілік әсер адамның педагогикалық үдерісті ұйымдастырудағы әрекетінің маңызын түсінуіне мүмкіндік береді, сондықтан оны бірлескен ғылыми шығармаластық түсінігінің мәні ретінде қарастырамыз.

Әдіснамалық компонентке болашақ педагогтың креативтік құзыреттілігін қалыптастыру ұстанымдары жатады, атап айтқанда, ашықтық, үздіксіздік, иілгіштік, түсіністік, диалог, рефлексивтік, доминанттылық, метафоралық. Ю.В.Сенько мен М.Н.Фроловскаялардың зерттеулерінде бұл ұстанымдар келесі белгілерге негізделіп таңдалып алынады: «мәлімделген көзқарастардың орны мен педагогикалық ойлау стилін зерттеудің нәтижелері (түсіну, диалог, басқа доминанттылық, рефлексивтік және метафоралық)» [5]. Осы ұстанымдарды іске қосу үшін шығармашылық құзыреттілікті дамытудың жолы, ғылыми траекториялары, педагогикалық үдерістің субъектілері арасында субъект-субъектілік өзара қатынасты құрастыру және «өмір бойы білім беру» ұстанымдары, т.б. жүзеге асырылады.

Өзара ғылыми шығармаластықта болашақ маманның креативтік құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұнды компоненті оқу үдерісінде және оқудан тыс уақытта жүзеге асырылатын ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады. Бірінші жағдайда білім алушылар оқу жоспарында берілген педагогикалық пәндерді меңгереді. Екінші жағдайда-жас ізденушілердің, қоғамдардың, конкурстардың, гранттарттық проекттерге қатысуы және т. б.

Ғылыми-зерттеу жұмысында болашақ маманның креативтік құзыреттілігін қалыптастыруды ұйымдастыру педагогикалық үдеріс субъектілерінің өзара әрекеттесу әдісінің көмегімен жүзеге асырылады. Соның нәтижесінде ғылыми-зерттеудің қорытындысы ретінде белгілі бір өнім шығарылып және тұлғалық өзгеріске қол жеткізу арқылы өтпелі (мониторинг және диалог) және бірізді («кездесу», түсіну, ойлау, әрекет) фазалар жүзеге асырылады.

Сонымен, бұл мақсатқа жету жолы "мониторингтің" өтпелі кезеңінен басталады, ол шығармашылық қабілеттердің қалыптасу дәрежесін болжау, бағалау және диагностикалаудан тұрады. Бұл кезең болашақ мұғалімнің шығармашылық құзыреттілігінің мәнін негіздеу үшін диагностикалық әдістерді қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Бірінші бірізді фаза «кездесу» болып табылады. Бұл кезең герменевтикалық тәсіл ережелеріне негізделген және "мұғалім – оқушы", "оқушы – оқушы", "оқушы – мұғалім" форматтарын қолдана отырып, субъектінің басқа әлемге "енуін" қамтиды. Бұл кезеңде шығармашылықты, қарым-қатынасты, эмпатияны және өзара әрекеттесуді дамытатын тренингтер мен жаттығуларды қолдануға ерекше көңіл бөлінеді.

Түсінудің келесі негізгі кезеңі "қатарынан" өтеді, өйткені "кездесу" мен түсіну кезеңдері арасындағы шекара адами қатынастардың күрделі құрылуымен байланысты. Сана кезеңі жеке, аксиологиялық мағыналармен "кездесу" кезеңін байытады және жалғастырады. Түсіну эмпатияға негізделген, яғни пәндер өздерін басқа жерге қойып, ішкі сезімдерін басқарады, ұмтылыстарды, мағыналарды түсінуге, сезінуге тырысады. Бұл фазада команда мүшелері идеялармен, ойша пайымдаулармен, түсініктермен, мәтіндермен жұмыс жасайды, мұнда мәтін болашақ әрекеттің мәнін құрастырып, «егер ... не болар еді», т.б. жағдаяттарды талдап, «автордың рухани жолдауы» ретінде көрінеді.

Түсіну-ойлаудың алғашқы уақыты және басқасын түсіну міндетін қояды. Содан кейін ойлау кезеңі жеке тұлғаның өзін-өзі тануының ерекше объектісі және ажырамас бөлігі ретінде басталады. Ойлау құрамына мыналар кіреді: «өзін ойлау субъектісі ретінде тану;

«өзінің» және «басқалардың» ойларын жіктеу; шешілмеген проблеманы өз проблемасы ретінде қабылдау; проблеманы өз ойы тұрғысынан қабылдау» [6]. Ойлау кезеңінен кейін мақсат, құрал, нәтиже және шығармашылық процестен тұратын әрекет кезеңі пайда болады. Осы кезеңдегі тақырыптар "кездесу" және түсіну кезеңдерінен өтіп, жеке, құндылық және басқа компоненттермен белсенді түрде байытылып, басқа әлемге еніп, басқа "алмасуды" түсініп, әртүрлі деңгейлерде "қабылданған" сипаттамаларға ие болады. Осы әрекеттің нәтижесінде өнім пайда болады.

Ғылыми шығармаластықтың диалог деп аталатын өтпелі фазасы оның негізі болып табылады және «кездесу», түсіну фазаларында жүзеге асады, шығармашылық субъектілер арасында диалог толық құрастырылады. Диалогта ғылыми шығармаластықтың субъектілері басқаның көзқарасын қабылдап және ұстап тұра, өздерінің жеке пікірлерін, жеке «менін» қалыптастырады, басқа тұлғаны, мәдениетті, тануға талпынады.

Ғылыми бірлестіктің әдістер, формалар мен құралдар көмегімен ұйымдастырылады. Оқыту әдістерін студенттердің танымдық және шығармашылық әрекетінің дербестік мен белсенділік деңгейін ескеріп жіктеген И.Е.Брякованың топтамасын ескере отырып, құрамына рефлексивті (өзара әрекеттесуді талдау әдісі, шығармашылық нәтижелерді талдау әдісі және т.б.) ғылыми шығармашылықтың әдістері, формалары мен құралдары. Формалар: жеке, топтық, фронтальды; "мұғалім - оқушы", "оқушы - оқушы(лар)", "оқушы - мұғалім" формаларында оқушылардың өздері белсенді фигуралар, ал мұғалім-тек кеңесші, түсіндіруші болып табылады. Болашақ педагогтың ғылыми шығармаластықта креативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негізгі авторлық құралы «Креативтік күнделігі» [7], сондай-ақ портфолио болып табылады.

Болашақ педагогтың креативтік құзыреттілігін қалыптастыру моделінің келесі компоненті модульдік бағдарламада көрініс табатын модульділік болып табылады. Бағдарлама төмендегідей модульден тұрады: пән, тренинг, сыныптан тыс курс (курс модульдері). Пәндік бөлімде бағдарламадағы пәндер оқытылады. Тренингтік модуль болашақ педагогтің креативтік құзыреттілігінің әр компонентін дамыту мақсатында дайындалады, бұл компоненттер: креативтік, коммуникативтік, командалық тренингтер. Дәрісханадан тыс модуль болашақ педагогтың креативтік құзыреттілігін қалыптастыру үдерісін басқарады

Осылайша, болашақ ғылыми шығармашылықта мұғалімнің шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру моделі - бұл жоғары оқу орындарының ғылыми-зерттеу қызметінде маңызды орын алатын арнайы ұйымдастырылған процесс және белгілі бір модульдерді меңгеру нәтижесінде мақсатқа қол жеткізетін, атап айтқанда, болашақ педагогтың креативтік құзыреттілігіне қол жеткізуге болатын педагогикалық үдеріс субъектілерінің өзара әсерлесу әдісі ретінде қарастырылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Брякова И.Е. Методическая система формирования творческой квалификации студентов-филологов педагогических вузов: пед. ғыл. докт. диссерт. – Санкт-Петербург, 2010. – 463 б.
2. Жданко Т.А. Образовательно-профессиональное пространство университета как педагогическое условие формирования конкурентоспособности личности студента: монография / Т.А. Жданко, О.Ф.Чупрова. – Иркутск: ИГЛУ, 2012. – б. 40 Волков А.Е. Российское образование – 2020: модель образования для инновационной
3. экономики [Электронный ресурс] / А.Е.Волков, Я.И.Кузьминов, И.М.Реморенко, Б.Л.Рудник, И.Д.Фрумин, Л.И.Якобсон – URL: <http://www.hse.ru/data/2011/02/21/1208561970/model2020.pdf> (12.05.08).

4. Коджаспирова Г.М. Словарь по педагогике / Г.М.Коджаспирова, А.Ю.Коджаспиров. – М.: ИКЦ «МарТ», 2005. – С. 55.
5. Сенько Ю.В. Педагогика понимания: оку құралы / Ю.В.Сенько, М.Н.Фроловская. – М.: Дрофа, 2007. – б. 32.
6. Современный словарь по педагогике / құраст. Е.С.Рапацевич. – Минск: Современное слово, 2001. – б. 457.
7. Шумовская А.Г. Дневник студента как средство формирования креативной компетентности личности (из опыта работы) [Электронный ресурс] // Научно-педагогический журнал Восточной Сибири «Magistr dixit». – Иркутск: ИГЛУ, 2012.

МОДЕЛЬ ФОРМИРОВАНИЯ ТВОРЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩЕГО УЧИТЕЛЯ

Аннотация

В статье анализируется термин «креативность» и отмечается значение формирования творческого потенциала в деятельности будущего педагога. Существует также модель формирования творческих способностей будущего педагога, состоящая из нескольких компонентов.

Ключевые слова: креативность, творческое мастерство, творческая компетентность, модель будущего педагога

MODEL OF FORMATION OF CREATIVE COMPETENCE OF FUTURE TEACHER

Abstract

The article analyzes the term "creativity" and notes the importance of the formation of creative competence in the activities of a future teacher. Also presented is a model of the formation of the creative competence of a future teacher, which consists of several components.

Key words: creativity, creative competence, creative competence of the future teacher, model

МРНТИ 14.07.07

Сейтенова С.С.¹, Жақсылық А.А.²
^{1,2} Баишев университеті, Қазақстан
seitenova_ss@mail.ru, aaltinbekovna@bk.ru

Бастауыш сыныпта STEAM технологиясын пайдалану арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру

Аннотация

Мақалада автор бастауыш сыныпта STEAM технологиясын пайдалану арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыруға талдау жасаған. Сондай-ақ STEAM технологиясы балаларда ойлаудың жаңа түрін дамытады және мектептегі дәстүрлі сабақ өту ережелерінен шығармашылық және аналитикалық дағдыларды дамытуға негізделгенімен ерекшеленетінін атап өткен.

Кілт сөздер: STEAM технологиясы, танымдық қызығушылық, бастауыш сынып, инновациялық технологиялар

XXI ғасырдың маңызды айырмашылығы мен жетістігі – қарқынды дамып жатқан цифрлық технология. Цифрлық сауаттылық, ақпараттық технологиялар және сыни тұрғыдан ойлау дағдылары бірінші орында. Уақыт бір орында тұрмайды, сондықтан уақыт пен прогреске ілесу үшін осыған сәйкес дағдылар қажет.

Интернеттің пайда болуының арқасында соңғы онжылдықта біздің өміріміз айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Технологияның көбірек пайда болуы бізге жаңа қиындықтар мен жаңа таңғажайып мүмкіндіктер әкеледі. 21 ғасырдағы балалар бізге мүлдем ұқсамайтын мүлдем басқа ұрпақ болатыны қазірдің өзінде анық. Технологияның арқасында соңғы уақытта біздің өмірімізде болған өзгерістерді қарастырайық. Олар алғашқы интернет беттерінен, сандық арнайы эффекттерден, электрондық поштадан және компьютерлік анимациядан бастап блогтарға, YouTube арналарына, бейне конференцияларға, 2D ойындарына дейін біртіндеп дамып жатыр және қазір әлеуметтік желілер, онлайн теледидар және 3D технологиялар әлемі белең алуда. Тез өзгертін жоғары технологиялық әлем адамдардың дағдылары мен қабілеттеріне жаңа жол ашады. Аудио және видео материалдарды іздеудегі қарапайым веб-шолулар әлеуметтік желілерді құруға дейін дамыды, электрондық поштаны тарату қашықтықтан білім алуға дейін өсті, ал қарапайым анимация виртуалды өмірге айналды. STEAM технологиясы балаларда ойлаудың жаңа түрін дамытады және мектептегі дәстүрлі сабақ өту ережелерінен шығармашылық және аналитикалық дағдыларды дамытуға негізделгенімен ерекшеленеді. Қазіргі таңдағы балалар біз сияқты емес көптеген технологиялар мен инновацияға дайын болуы керек.

STEAM интеграциясы-бұл әлемдік білім берудегі негізгі трендтердің бірі. Инновациялық әдістемеге математика, технология, шығармашылық, инженерлік өнер және жаратылыстану ғылымдары кіреді. Интеграцияланған оқыту процесі инженерия, жобалау және модельдеу саласында сұранысқа ие мамандарды даярлауға мүмкіндік береді.

Оқушылардың жаратылыстану және әлеуметтік ғылымдар саласындағы қызығушылықтарын дамыта отырып, біз орта мектеп пен жоғары оқу орындарында жетістікке жету мүмкіндігін едәуір арттырамыз. Пәнаралық қолданбалы тәсілді қолдана отырып, жобалық және оқу-зерттеу қызметін іске асыру арт - технологиялар саласындағы маңызды пәндерді игеру үшін ең жақсы негіз жасауға мүмкіндік береді.

STEAM білімінің тиімділігі:

- Пәндер өзара емес, тақырыптардың мазмұнымен интеграцияланған білім беру.
- Сабақ барысында,білім беру процесінде ғылыми техниканы пайдалану.
- Сыни ойлау және мәселелердің шешімін табу дағдыларын жетілдіру.
- Өзіне деген сенімділігін арттыру.
- Белсенді қарым-қатынас және ұжыммен,топпен жүргізілетін жұмыс.
- Техникалық пәндерге қызығушылықты дамыту.
- Жобаларға креативті және инновациялық әдіс - тәсілдер.
- Барлық оқушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып,оқушылардың іс-әрекетімен техникалық шығармашылыққа, ізденіске деген қызығушылығын дамыту.
- Бастауыш сыныптан бастап кәсіптік бағдарлау.
- Оқушыларды өмірдің технологиялық инновацияларына дайындау.

НЕЛІКТЕН БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ STEAM БІЛІМІН ЕНГІЗУ ҚАЖЕТ?

- Математикаға, ғылымға деген қызығушылықты арттырады.
- Техника, робототехника, құрастыру сияқты іс-әрекеттер білім алуға ықпал етеді. Шығармашылық қабілеттер мен қарым-қатынас дағдыларын дамытуға зор әсерін тигізеді.
- Оқушының әлеуетін бастауыш сыныптан бастап айқындауға және оның кәсіби өзін-өзі анықтауға ықпал етеді.

➤ Зерттеу және пәндік - практикалық іс-әрекеттерді қамтитын интеграцияланған оқу процесі балаларға жаратылыстану саласындағы жансыз табиғат объектілерімен жақсы танысуға мүмкіндік береді және модельдерді жобалау мен бағдарламалаудың алғашқы дағдыларын игеруге ықпал етеді. Бұл біздің балаларымыздың болашағы үшін жақсы негіз жасайды.

STEAM ТЕХНОЛОГИЯСЫН ОҚЫТУ ҚАНДАЙ ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМЫТАДЫ?

Өз прототиптеріңізді жасауды үйреніңіз. Сабақта балалар өздерінің нақты өнімдерін, мысалы, радио басқаратын робот-конструкторды құруды, дамытуды, жобалауды үйренеді.

Техникалық пәндерге қызығушылық дамытады. Өз машиналарын жобалау, зымырандар мен ұшақтар салу, өздерінің электронды ойындарын ұшыру арқылы балалар ғылым мен техникаға қызығушылық таныта бастайды.

Сыни тұрғыдан ойлау дағдылары пайда болады. Машиналар мен әртүрлі құрылғыларды салу кезінде балалар өздерінің дизайнерлерін жаңартуға итермелейтін түрлі проблемаларға тап болады. Болашақта бұл оларға қиын және үмітсіз жағдайларда шешім табуға үйретеді.

Ағылшын тілін үйрену. Көптеген технологияларды меңгеру ағылшын тілін білмеу мүмкін емес. Бала ойын түрінде шет тілін меңгере бастайды.

Кәсіби дағдыларды игереді. Инновациялық технологияларды пайдалана отырып мамандандырылған оқыту өсу деңгейін жандандырады және болашақта мамандықты айқындауға көмектеседі.

Мұғалімдердің айтуынша, интеграция қандай да мамандықтар болсын жетістікке жетуге жағдай жасады. Зерттеушілердің көбісі прогрессивті технологиялар білімге деген қызығушыларын арттырады және дизайн мен программалау саласындағы жетекші білімдерді кеңейтеді.

Stem технологиясын оқытуда біріктіру оқушыларға шындықпен үйлесімді білім алуға мүмкіндік береді. Бұл бір нәрсені жасай алатын тар ақпараттандырылған мамандардың емес, кәсіби қызметінде стандартты емес шешімдер қабылдауға қабілетті шығармашылық адамдардың пайда болуына ықпал етеді. Интеграция процесі оқу сапасын арттыруға ықпал етеді, мотивация мен танымдық белсенділікті жақсартады. Бұл икемділікті, логиканы дамыту үшін оңтайлы жағдай жасайды және нәтижесінде жеке тұлғаны үйлестіруге ықпал етеді.

Оқытудағы прогрессивті тәсіл көбірек білім алуға көмектеседі, пәнаралық байланыстарды кеңейтеді және тереңдетеді, бағдарламалау, модельдеу және дизайн негіздерін жақсы меңгеруге ықпал етеді. Бала суретті тұтастай көруді үйренеді. Кейіннен осының барлығы балаға командада жұмыс істей отырып, өзінің бірегей өнімін жасауға және таныстыруға мүмкіндік береді.

STEAM оқыту-бұл біздің балаларымыздың дағдыларын жетілдірудің жаңа деңгейіне шығуға мүмкіндік беретін инновациялық әдістеме. Оның көмегімен біз экономикалық тұрғыдан тәуелсіз және бәсекеге қабілетті ел болуға мүмкіндік беретін прогрессивті кадр базасын қалыптастыра аламыз.

Мұның бәрі АҚШ-та пайда болған STEM терминінен бастау алады. STEAM мен STEM технологияларының бір-бірінен өзгешелігі тек бір әрпінің өзгешелігі болып көрінгенмен, бірақ тәсілдің айырмашылығы өте зор. Қазіргі кезде бұл STEAM білім беру технологиясы АҚШ пен Еуропада сұранысқа ие технологияға айналып келеді. Және көптеген сарапшы- зерттеушілер оны болашақ білімнің негізі деп атайды.

Art (өнер)енгізу

XI ғасырдағы қытай математиктері сияқты ойшылдар ғылым мен өнерді байланыстыру керектігі жөнінде айтады. Өнертапқыштар мен зерттеуші-ғалымдардың барлығы дерлік музыканттар, суретшілер, жазушылар немесе ақындар болды: Галилео — ақын және әдебиеттанушы, Эйнштейн скрипка, Морзе — портрет суретшісі және т.б. ойнады. Осылайша, креативтілік ойлауға тікелей қатысты пәндер практикасы арқылы

ынталандырылды және қызығушылық тудырды. Мектепті өнерсіз елестетуге болмайды. Мектепте балалардың шығармашылығы алдыңғы орындардың біріне қойылуы тиіс. Өнерді бұл технология қосу білім беру процесіне қатысатын оқушылардың контингентін кеңейтуге мүмкіндік береді, осылайша жобалау мен математикада айқын қабілеттері жоқ балалар жобаны эстетикалық тұрғыдан жүзеге асыруда топқа көмектесе алады.

STEAM-бұл сыни ойлауды, зерттеу құзыреттіліктерін және топта жұмыс істеу дағдыларын дамыту құралы ретінде бірнеше пәндік салаларды біріктіретін жаңа білім беру технологиясы.

STEAM-оқу жоспары бастауыш сынып оқушыларын пәнаралық және қолданбалы тәсілдерді қолдана отырып оқыту идеясына негізделген. Бес ұғымның әрқайсысын жеке үйренудің орнына, STEAM оларды бірыңғай оқыту схемасына біріктіреді.

STEAM оқыту-бұл біздің балаларымыздың дағдыларын жетілдірудің жаңа деңгейіне шығуға мүмкіндік беретін инновациялық әдістеме. Оның көмегімен біз экономикалық тұрғыдан тәуелсіз және бәсекеге қабілетті ел болуға мүмкіндік беретін прогрессивті кадр базасын қалыптастыра аламыз.

Ғылыми-техникалық бағыт (STEM)

Жаңа технологиялардың жылдам дамуы алдағы уақытта жоғары технологиялармен байланысты мамандықтар: IT мамандары, Big data инженерлері, программистер ең сұранысқа ие болады. Білім беру жүйесі осындай әлеуметтік сұранысқа робототехника, бағдарламалау, модельдеу (STEM) үйірмелерінің көптеп пайда болуымен жауап береді. Болашақта 4К деп аталатын XXI ғасырдың дағдылары сұранысқа ие болады.

Болашақ дағдылары (4К)

XXI ғасырдың дағдылары-қазір әртүрлі деңгейлерде белсенді талқыланатын ерекше бағыт. Тұжырымдаманың мәні мынада: индустриалды дәуірде сауаттылықты анықтайтын негізгі дағдылар оқу, жазу және арифметика болды. XXI ғасырда сыни ойлау қабілеті, өзара іс-қимыл және қарым-қатынас қабілеті, іске шығармашылық көзқарас жағына баса назар аударылады. Осылайша, 4К болашағының негізгі дағдылары қалыптасты:

* Байланыс

- Кооперация

* Сыни тұрғыдан ойлау

- Креативтілік

Бұл дағдыларды тек зертханаларда немесе белгілі бір математикалық алгоритмдерді білуден алуға болмайды. Сондықтан мамандар STEAM пәндерін көбірек білуге мәжбүр.

Жоғары технологиялық әлемде өмір сүретін әр баланың жеке дамуына қол жеткізу үшін нені үйрену және үйрену керек. Әр баланың уақытында қандай бағытқа қызығушылық танытатыны, мектепке барғаны және осы бағытта дамуын жалғастырғаны маңызды. Сондықтан қазіргі әлемде мұғалімнің алдында жауапты міндет тұр: балаларды түйсігі дамытуға үйрету. Себеп-салдар байланысын орнатыңыз, заңдылықтарды іздеңіз, ашық мәселелерді шешіңіз.

Бүгінгі таңда ақпарат ағыны соншалықты үлкен екендігі белгілі, ал ойын-сауық құралдары соншалықты әр түрлі, сондықтан кішкентай бала үлкен сандық әлемде жоғалып кетуі мүмкін. Сондықтан мұғалім ұйым үшін балаларға түсінікті болатын, олардың әртүрлі құзыреттіліктерін дамытуға мүмкіндік беретін құралдарды таңдауы керек. Мұндай құрал Lego 2:0 робот жиынтығы бола алады. LEGO конструкторы балаларға ерекшеліктеріне қарамастан сәтті мүмкіндік береді игеруге білімі. Мысалы:

Кесінді-нүктелермен шектелген түзудің бөлігі. Сегменттің басы мен соңы бар (сегменттің басы мен соңы қызыл кірпішпен көрсетілген).

Сәуле. Басы бар, бірақ соңы жоқ.

Тікелей. Оны екі бағытта да ұзартуға болады (мұғалім "нүкте" кірпіштерін бекітеді)

түзу сызық – бұл екі нүкте арасындағы қашықтық ең қысқа болатын сызық.

Бірінші сынып оқушылары үшін түзу сызық бір-біріне жақын орналасқан нүктелер жиынтығы екені белгілі болады. Балалар мұны "Лего" (нүктелер) кірпіштерінен түзу сызық салу арқылы анық көреді.

Түзу сызықта жатқан және жатпайтын нүктелерді көрсету үшін Сіз нұсқаулықты қолдана аласыз. Тақтаға бекітілген гирфалькондардың көмегімен сіз бір нүкте арқылы көптеген түзу сызықтар салуға болатындығын, ал екі нүкте арқылы тек бір түзу сызуға болатындығын нақты көрсете аласыз.

3-сыныпта оқушылар төртбұрыштың, шаршының алаңымен танысады. Квадраттың периметрі мен ауданын, тіктөртбұрышты табу формулаларын үйреніңіз.

4-сыныпта оқушылар тіктөртбұрыштың диагональдарымен танысады.

LEGO Education WeDo первороботын қолданудың өзіндік алгоритмі ретінде біз оны әлем сабақтарында қолдануға мысалдар келтіреміз

1. Сабақтың тақырыбы "Африка жануарлары". Балаларға кроссворд ұсынылады, ол оқушылардың Африка жануарлары туралы баяндамаларымен толтырылған (жануарлардың атаулары кроссворд торларына енгізілген).

Осыдан кейін мұғалім 5-6 оқушыдан тұратын командаларға немесе жұптарға Африка құрлығындағы кез-келген жануарды дизайнердің бөлшектерінен жинауды ұсынады.

Жұмыстың келесі қызықты кезеңі әдебиеттік оқу сабақтарында робототехниканы қолдану болуы мүмкін. Мысалдардың бірі. Оқушылар К.Чуковскийдің "ұрланған күн" шығармасын оқиды. Шығарма негізінде лего фигуралары жасалады, содан кейін барлығы бірге түсіріліп, фильм түсіріледі. Алынған жоба басқа сынып оқушыларына әдебиет пен оқуға деген қызығушылықты оятудан гөрі көрсетеді.

Біздің өмірімізге тән қасиет – өзгеру қарқынының артуы. Біз дүниеге келген әлемге мүлдем ұқсамайтын әлемде өмір сүріп жатырмыз. Өзгерістер қарқыны артып келеді.

Бүгінгі оқушыларға алда: әлі жоқ мамандықтар бойынша жұмыс істеу, әлі жасалмаған технологияларды пайдалану, біз болжай алатын мәселелерді шешу.

Мектепте білім беру озыңқы даму мақсаттарына сәйкес келуге тиіс.

Зерттеу және пәндік-практикалық іс-әрекеттерді қамтитын интеграцияланған оқу процесі балаларға жаратылыстану саласындағы жансыз табиғат объектілерімен жақсы танысуға мүмкіндік береді және модельдерді жобалау мен бағдарламалаудың алғашқы дағдыларын игеруге ықпал етеді. Бұл біздің балаларымыздың болашағы үшін жақсы негіз жасайды.

STEAM тәсілі академиялық үлгерімге қалай әсер етеді?

STEAM тәсілінің негізгі идеясы: тәжірибе теориялық білім сияқты маңызды. Яғни, оқу кезінде біз тек миымызбен ғана емес, қолымызбен де жұмыс жасауымыз керек. Тек сынып қабырғаларында оқу тез өзгертін әлемде уақыт жоқ. STEAM тәсілінің басты айырмашылығы-мұнда балалар миын да, қолдарын да көптеген пәндерді сәтті зерттеу үшін пайдаланады. Олар алған білімдерін «өздері» алады.

Бір сөзбен айтқанда, STEAM – бұл ойлау мен оқу жолымызды өзгертетін тәсіл. Бұл тәсіл уақыт талабына сай. Бұл тәсілдің негізгі идеясы теориялық және практикалық білімнің маңыздылығы болып табылады. STEAM технологиясы кез келген идеяға ие болуды ғана емес, сонымен қатар оларды пайдалануды және жүзеге асыруды үйретеді. Осылайша мектептерде топтық немесе жеке жұмыс істеуге, қарым-қатынас жасауға, ойлаудың әртүрлі тәсілдерін қолдануға үйренуге мүмкіндік туады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Н.Ә.Назарбаев «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына жолдауы 10.01.2018
2. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. - // Қазақстан мектебі, №4, 2008

3. Стрельникова Т. Что такое STEAM-образование? [Электронный ресурс]. URL: <http://www.unikaz.asia/ru/content/chto-takoe-steam-obrazovanie/> (дата обращения: 20.05.2018).
4. Г.Ахметова, А.Мурзалинова. «Преимущества и перспективы STEM-образования» // «Білімді ел - Образованная страна» №41 (102) 7 ноября 2017
5. Сабыров Т.С. Оқушылардың оқу белсенділігін арттыру жолдары. Алматы, «Мектеп», 2004ж.
6. Бастауыш мектеп №3, 4 2010ж

ПОВЫШЕНИЕ ПОЗНАВАТЕЛЬНОГО ИНТЕРЕСА УЧАЩИХСЯ К НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ ЗА СЧЕТ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ТЕХНОЛОГИИ STEAM

Аннотация

В статье автором проведен анализ повышения познавательного интереса учащихся в начальной школе с использованием технологии STEAM. Также отмечено, что технология STEAM развивает у детей новый тип мышления и отличается от традиционных правил проведения уроков в школе тем, что базируется на развитии творческих и аналитических навыков.

Ключевые слова: Технология STEAM, познавательный интерес, начальная школа, инновационные технологии

ENHANCING STUDENTS' COGNITIVE INTEREST IN PRIMARY SCHOOL THROUGH THE USE OF STEAM TECHNOLOGY

Abstract

In the article, the author analyzes the increase in the cognitive interest of students in primary school using STEAM technology. It is also noted that STEAM technology develops a new type of thinking in children and differs from the traditional rules of conducting lessons at school in that it is based on the development of creative and analytical skills.

Key words: STEAM technology, cognitive interest, elementary school, innovative technologies

МРНТИ 14.35.01

С.Ш.Изтлеуова

*Баишев университеті, Қазақстан
samanta.iztleuova@mail.ru*

ТІЛДІК ЖӘНЕ ШЕШЕНДІК ДАЯРЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК МӘНІ

Аннотация

Бұл мақалада болашақ педагог мамандарды даярлаудағы басты құзыреттіліктердің бірі болып табылатын тілдік және шешендік даярлықтың зерттелу жайы мен әлеуметтік мәні қарастырылған.

Кілт сөздер: тілдік дайындық, шешендік, болашақ педагогтардың шешендік даярлығы

Тілдің дамуы мен қалыптасуы белгілі бір дәрежеде қоғам өмірі мен дамуымен байланысты. Тілдің пайда болуы мен адам қоғамының пайда болуы арасындағы тығыз байланысты Ф.Энгельс анық көрсетті: «Еңбектің дамуы қоғам мүшелерінің қажеттілігі бойынша тығыз байланысуына әсер етті, соның арқасында өзара қолдау, бірлескен іс - әрекет көбейе бастады... Сөйтіп, қалыптасқан адамдарда бір – біріне бірнәрсе айту қажеттілігі

туындады». «Адам қарым – қатынасының маңызды құралы» болып есептелетін тілдің лениндік анықтамасында да оның әлеуметтік табиғаты айқын көрсетілген.

Сөз әрқашан белгілі бір қажеттіліктерден, мотивтерден туады және өмірлік жағдаяттарға, коммуникативтік мақсатқа сәйкестілікке тәуелді болады.

Қызылтілдік пен шешендік өнердің пайда болуының әлеуметтік – тарихи себептерін қарастырайық.

Шешендік өнері шығармашылық әрекеттің ерекше түрі ретінде Европа өркениетінің негізінің бірі болып саналатын грек мәдениеті мен дүниетанымы негізінде туындады. Шешендіктің Ежелгі Грецияда б.э.д. V ғ. дамуын ғалымдар афинылық құлиеленушілік демократия жүйесімен түсіндіреді. Халық жиналысындағы, бесжүздіктер кеңесіндегі, сайланған қосшы билер қатысқан соттағы пікірталастар, өз ұстанымында қалу және тыңдаушыларды өзінің дұрыстығына сендіру айтылар сөздің ролін биікке көтерді.

«Б.э.д. VI ғ. аяғы мен V ғ. басында Афиныда өткен демократиялық реформалардың нәтижесінде шешендік сөз мемлекеттік жүйенің қажеттілігіне айналды» - деп Е.Н.Корнилова атап өтеді.

Жоғары мәдениетті қоғамның практикалық қажеттілігінен жеке және мемлекеттік істердің сөздің көмегімен шешілуі қызылтілдіктің дамуына әсер етті.

Ежелгі Грецияда «өнер» және «шеберлік» ұғымдары бір – бірімен ажырамас байланыста болды. Екі ұғым да бір ғана «*techne*» (техне) сөзінің мағынасымен түсіндірілді. Ежелгі Гректердің «*theos*» - «айтамын, құямын, ағамын» деген сөзінен «*rheto*» - «ритор», «оратор» (лат.) сөзі шыққан. Соңғысы «*rhotorike*» (риторика) және «*rhotorike techne*» (шешендік өнер, шеберлік) деп аталатын ғылым атауын берді.

Антикалық шешендік Ежелгі Грецияда батырлық эпостар мен драмалардан туындады, бірақ сөздің бұл жанрлардан айырмашылығы әдеттен тыс өзекті болды, ол гректер өмірінің дәл сол сәтінде туындаған мәселелерді шешуге көмектесті.

Шешендіктің алғашқы ұстаздары Горгий, Корақ және Тисий болып табылады. Шешендік бойынша алғашқы нұсқау құрастырушылар Корақ пен Тисий. Корақ жаттау үшін дайын мысалдардың хрестоматиясын шығарды. Тисий мысалы жоқ, бірақ шешендік орындаудың құрылымына қатысты ұсыныстар беретін теориялық құрал құрастырды.

Қазіргі ғалымдар А.Ф.Лосев, А.К.Мхальский, Е.Н.Корнилова, Н.Н.Кохтев, Ю.В.Рождественский және т.б. – дың пікірінше, шешендік педагогикалық пән ретінде туындайды: осы саладағы алғашқы теориктер – софистер «шешендіктің кезбе оқытушылары» болды, шешендік – педагогикалық іспен кәсіби айналысты, және алғашқы шешендік трактат осы өнерге үйрету мақсатында байланысты жарыққа шықты.

Этопея шеберлігі, яғни, мінез қалыптастыру өнері сот шешендігінде, антикалық прозада Лисий есімімен байланысты. Лисий логограф (басқалар үшін сөз құрастырушы) ретінде мінез, ой бейнесін, талапкердің немесе жауапкердің білім деңгейін жасауға қажетті этопея құрудың кемеліне жетті. Жаңа қоғам өнегесінің кең картинасын құра отырып, Лисий тәжірибеде көрініп тұрған дұрыстық шындықтан маңыздырақ екеніне көзі жетті.

Исократ қызметі эллинизм дәуірін, Пелопенесс соғысындағы жеңіліс, соғыс зардаптарын түсіну кезеңін ашады. Шешендіктің көмегімен Исократ демократия идеяларын қорғауға тырысады, оның құндылық негіздерін ұстанады.

Барлық ежелгі грек мәдениетіне жарысу, бәсекелесу рухы тән. Өзін - өзі жетілдірудің, табиғи кемшілікті жеңудің жарқын мысалы Демосфен Пеанийский болып табылады.

Демосфеннің сөздері тек материалды беру шеберлігімен ғана емес, сонымен қатар көпшілікке тиімді формада баяндалған идеяларының публицистикалық күшімен есте қалды. Греция бостандығы үшін Македония патшасы Филиппке қарсы айтылған қаһарлы сөздері адамзат мәдениеті тарихына филиппика түрінде енді. «Өмірде біреуден, иә, біреуден сактану керек: көпшіліктің үстінен біреу жоғарыламауы тиіс. Маған біреудің тілегі бойынша біреуді құтқарғаны немесе құтқарғаны керек емес; бірақ кімді құтқарады немесе құртады, алдымен

сіздердің әрқайсыңыздан іске сәйкес дауыс жинасын: халықтық биліктің мәні осында».

Демосфен өз сөздерінде Афинадағы демократия мен халық құқығы негіздерінің басты табысы ретінде еркіндік пен заңдылықты насихаттайды. Демосфен сөздері дәлелдердің күштілігімен, стильдің ықшамдылығымен, тілдің тазалығымен ерекшеленеді. Демосфен бойынша шешеннің мақсаты - өзінің жеке пайдасына жету емес, халық игілігі үшін барлық жауапкершілікті өзіне алу.

Сократ көзқарастары антикалық философияның дамуының жаңа кезеңі болып табылды. Философ алғаш рет адам философиялануының орталығына оның мәнін, ішкі карама – қайшылықтарын қойды. «Сократ тек қана жаңа этиканы ғана емес, айтыстың жаңа әдістемесін, сондай – ақ жаңаша ойлауды тудырды».

Сократ философиясы Платон диалогтарының ақырына дейін шындалған, классикалық аяқталған формасында бейнеленген. Сократ танымның, әлемді қабылдау және талдаудың диалектикалық әдісінің негізін салушы ретінде қалыптасты. Сократ шындық – диалогтық ойлаудың өнімі; ол өзімен - өзі өмір сүрмейді, адамдар арасындағы айтыс кезінде пайда болады деп есептейді.

Шынға ұқсастық емес, шындық, шыншылдық, ақиқат – жақсы сөздің маңызды талаптары. Ақиқаттық принципі қызылтілділіктің этикалық мәнін тек тыңдаушыға ықпал ете отырып, сендіру ғана емес, жанды қалыптастыра отырып, тәрбиелеу өнері ретінде де анықтайды.

Сонымен, ақиқат арқылы және ақиқатында сендіру – бұл шешендіктің мәні.

Дұрыс, ақиқат, дәл сөз, Платонның пікірінше, сөздің өз объектісі мен пәнінің шынайы анықтамасынан шығуы тиіс: «Кімде – кім шешендік өнермен айналысқысы келсе, бәрінен бұрын ондағы өз жолын анықтауы тиіс және оның әртүрлілігінің белгісін табуы тиіс» .

Сөзді сенімді ету үшін Платон қабылдау теориясына сүйенді және тыңдаушы психологиясы туралы алғашқылардың бірі болып айтты. «Федр» және «Горгий» философиялық диалогтарында Платон софистердің манипулятивтік шешендігіне қарсы шығады және шешендік өнердің негізінде адам жанын білу, яғни психология мен диалектика жатыр деп есептейді. Платондағы айтыс әдістемесі - өзіне танымның индуктивті және дедуктивті әдістерін біріктірген ғылыми пікірталас әдістемесі.

Б.з.д. 335 жылы Аристотель шешендік өнердің негіздері туралы үйлесімді теориялық оқытуды құрып, дамыған классикалық шешендіктің қорытындысын шығарды. «Риторика» трактатында Аристотель бірінші рет ауызша сөйлеудің идеалды нормасы туралы біртұтас ілімін құрды.

Автор шешендік – диалектикаға сәйкес келетін өнер, яғни екеуі де олармен танысу барлығының игілігі болып саналуы мүмкін тақырыпқа қатысты болады деп дәлелдейді. Ғалым шешендікті «әрбір берілген тақырыпқа байланысты сендірудің мүмкін тәсілдерін таба білу қабілеті» ретінде анықтайды.

Эллинистік шешендік сөздердің үйлесімділігін үйретті, сөз сапасын сипаттады, троп, фигура, стиль мәселелерімен айналысуды жалғастырды. Кейбір трактаттардың авторлары алғашқы кезде сөйлеудің сыпайылығымен, күрделі образдармен шұғылданды. Сөйлеудің бұл стилі Кіші Азияда пайда болып, гүлдену орнына қарай «азиандық» деп аталып кетті. Азиандық стильді Гермоген, Феодр Годарский, Лонгин деп аталып кеткен белгісіз автор үйренді. Бұл стильдің өкілдері пафосты, астарлап айтуды, көпірме сөзді, көтеріңкілікті, экзальтацияны уағыздады.

Дәстүрлі қабылданған грек классификациясынан Цицерон сөйлеудің үш түрін бөліп көрсетеді: форумда сөз сөйлеу, сотта азаматтық істерді қарауда сөйлеу және мадақтау сөздер. Автор тұңғыш рет шешендіктің үш түрінің теңсіздігі – саяси және сот шешендігінің озықтығы мен мадақтау шешендігінің аз қолданылатындығы туралы мәселе көтереді.

Цицерон «Шешен туралы» трактатында эллинистік дәуірде қалыптасқан шешендік

жүйесін (инвенция, диспозиция, элокуция, меморио, акцио) максималды түрде толық көрсетеді. Берілген сөйлеу – ойлау моделіне толықтық пен ойлылық тән. Жүйенің қарама – қайшылығы оған тән ішкі қисындылық пен дәлдік кемшілікке – тұйықтыққа айналғандығымен бейнеленеді.

«Шешен туралы» трактатында Цицерон сөз барынша тартымды болуы, тыңдаушыларға барынша жақсы әсер қалдыратындай және барынша көп деректермен дәлелденуі тиіс деген ойға бірнеше мәрте оралады.

Өзінің шешендік теориясын автор грек және рим шешендігінің теориялық ізденістерінің, шешендік өнердің ең таңдаулы үлгілерінің және өз тәжірибесінің негізінде құрады. «Брут немесе әйгілі шешендер туралы» және «Шешен» трактаттары шешендік идеалдың авторлық тарихи – теориялық концепциясы болып табылады.

Квинтилианның еңбегі – шешендік өнер бойынша кең, тереңдігі мен ұқыптылығы бойынша маңдай алды үздік шығарма: онда рим шешендігінің теориялық және практикалық аспектілері талданады, педагогика, этика, мәселелері баяндалады, шешендік мектептер мен стильдерге сипаттама беріледі.

Квинтилиан шешендікті ғылым ретінде 3 бөлімге бөледі: бірінші бөлімде өнер туралы, екінші бөлімде шебер туралы, үшінші бөлімде шығарманың өзі туралы баяндайды.

Шешендік, антикалық теоретиктер мен практиктердің пікірінше, сендіру қабілеті мен күшінен құралады. Бірақ Квантилиан бастауын софистерден алып, Аристотель мен Цицеронда жалғасын табатын бұл анықтаманы сынайды. Шығарма авторының ойынша, бұл анықтаманың кемшілігі сөзбен сикыршы да, еркелетуші де, азғын да сендіре алатындығы болып табылады. Квантилиан келесі анықтаманы ұсынады: шешендік – жақсы сөйлеу ғылымы. Шешен әрі қарай шешендік әрі ғылым, әрі өнер деп анықтайды. Квантилиан Платонның, Аристотельдің, Цицеронның шешенге көптеген ғылымдарды білу қажеттілігі туралы пікірімен келіседі.

Корнелий Тацит – «Шешендер туралы әңгіме» («Разговор об ораторах») трактатының авторы. Тацитті саясаткер және тарихшы ретінде қызықтыратыны шешендіктің не теориялық жағы, не стиль мен буын емес, шешендік өнердің мәні, оның қоғам өміріндегі орны болды.

Шешендіктің пайда болу кезеңінде оған негізгі қауіпті софистика төндірсе, орта ғасырларда схоластика қысым көрсетті. Сонымен қатар, схоластика артынша шешендікті байытқан логиканың дамуына үлкен ықпал етті.

Қайта өрлеу дәуірі материалдық өндірістің дамуымен әйгіленді. Бұл ойды схоластикалық ойлаудың догматикалық принциптерінен босатуды талап етті және сол себепті шешендік өнер жаңа серпін алды. Бұл дәуір үшін антикалық философия идеяларының екінші рет дүниеге келуі, бәрінен бұрын – адамға қатынас тән. Гуманизм идеясы, адамның шығармашылық өз бетінділік принциптерін, оның жетістіктерін, жер бетіндегі қуаныш пен бақытқа құқықтылықты жақтау жалпы ұранға айналды. Шешен, философ, күшті қайраткер тұлға Цицерон кумирге айналды.

Осы кезеңде сот шешендігі қайта өркендеді және оның сауда және парламенттік түрлері пайда болды.

Шешендік әдебиетке жақындады, шешендік жүйеде композициялық және тілдік бөлімдер дами бастады. Кейбір философтар (Декарт, Спиноза) көркем шығарманың формасын, композициясын және тілін жетілдіру ролін ғана қалдырып, шешендікті танымдық әрекет пен сендіру құралы мойындамады.

Ауызша сөйлеуден басқа, лютеран шіркеуінің негізін қалаушы Мартин Лютер мен жазушы – гуманист Эразм Роттердамскийдің арасындағы принципті айтыс секілді жазбаша түрдегі сөзбен қағысу кең танымал бола бастады.

Бірақ шынайы қажеттіліктердің өсуі шешендік ғылымның әлсіздігін тағы да дәлелдеді. Гомилетикадағы тірегінен айрылып, шешендік оны көркем сөйлеу тәжірибесінен табады және алғашқы кезеңде бұл табыс әкелді: шешендік жанды ұлттық сөйлеудің күшті

ағыстарымен толықты.

Л.Берковиц фрустрация негізінде туатын жаңа әрекет – «кек» түсінігін енгізді. «Фрустрация-агрессия» деген схемасын ұсынды:

Біріншіден, фрустрация тек агрессиялық әрекеттер барысында ғана жүзеге аспайды, ол сондай әрекетке дайындықты күшейтуі мүмкін;

Екіншіден, агрессия себепсіз пайда болмайды;

Үшіншіден, фрустрациялық ситуациядан жаулық әрекет арқылы шығу жеке адамда осы тәрізді әрекеттің әдетке айналуына әкеледі.

Неофрейдизм бағыты - өкілі Э.Фромм өзінің «Адам анатомиясының деструктивтілігі» деген еңбегінде адамда туа біткен спонтанды түрде өздігінен дамиды қатыгездік инстинкті болмайды деген дәл ғылыми мәліметтерді дәлелдеген.

Э.Фроммның пікірінше жек көрушілік, кекшілдік, деструктивтілік көптеген қоғамда сондай төменгі дәрежеде қала береді, тіпті «туа біткен құмарлық» көмегімен түсіндіруде сенімсіз болады. Фактылық материалдар көрсеткендей мәдени-даму деңгейі орташа қоғамда (аңшылар, терімшілер, жер иелері) жаушылық әрекетті, неғұрлым мәдени-даму деңгейі жоғары қоғамға қарағанда өте төмен деңгейде көрсетеді. Ол агрессия мен деструктивтіліктің әртүрлі типтері мен тасымалдаушыларын талдайды. Агрессия – бұл басқа адамға қатер келтіру әрекеті. Осындай категорияға байланысты ол агрессияның мынадай типтерін береді:

1. «Залалсыздандырылған агрессия». Биологиялық бейімделген агрессия – бұл адамға да, жануарларға да тән. Бұл «аяқ асты көрінген» қатерге, ситуацияларға деген реакция сияқты спонтанды пайда болады, өмірін сақтап қалумен байланысты емес.

2. «Зиянды агрессия». Биологиялық бейімделмеген агрессия (деструктивтілік, мейірімсіздік). Бұл тек адамға ғана тән. Ол биологиялық қатер мен әлеуметтік бұзылыс әкеледі. Оның негізгі көрінісі - өлтіру және мейірімсіздік көрсету. Э. Фромм агрессия феномендерін талдай келе, мынадай терминдерді ұсынады «жалған агрессия», «агрессиялық ойын», «агрессия - өзін-өзі дәлелдеу» т.б.

3. Этологиялық бағыт – өкілі К.Лоренц. Агрессия – туа біткен «өмір сүру үшін күрес» инстинктінен бастау алады. Оның пікірінше жаулық энергия ағзада спонтанды, үздіксіз, күнделікті темпте, өз уақытымен жинақталап отырады. Сондықтанда, агрессиялық әрекеттер:

а) агрессиялық энергияның жиналуына;

б) агрессиялық күштің көрініс беруіне байланысты.

«Әлеуметтік үйрену» теориясы – негізін салушы А.Бандура. Агрессия - әлеуметтену процесінде игерілген мінез-құлықты көрсетеді. Мұндай мінез-құлық үлгісі – тұлғаралық қатынас құралы ретінде қарастырылады. Сондықтанда, басты назар әлеуметтенуге әсер ететін алғашқы әсерді зерттеу, әсіресе, ата-аналардың балаларын агрессиялық әрекетке үйретуіне аударылады. Ол агрессияны зерттеу кезінде ескеретін 3 негізгі маңызды сәтті атап көрсетті:

1. осы тәрізді әрекеттердің тәсілдерін игеру кезеңі,

2. олардың пайда болуын күшейтетін факторлар,

3. оларды тұрақты әрекеттерге айналдыратын шарттар.

А.Бандура және Р.Уолтерстің еңбектері осы жасөспірімнің агрессиялық мінез-құлқы мен әрекеттерін зерттеуге арналған. Олар осы еңбектерінде келесідегідей факторларды ұсынады:

Үйрену процесі - әлеуметтік адекватты емес мінез-құлықты жою былай жүзеге асырылады:

а) мұндай мінез-құлық актілерін мадақтаусыз, ескерусіз қалдыру;

б) мұндай мінез-құлық актілерін белсенді түрде жазалау.

Агрессияның пайда болу шарттары - әлеуметтену процесі тиімді болу үшін, қажетті аз мөлшерлі шарттар бақылану, қадағалануға тиісті. Әлеуметтенудің кемшіліктері болып тек, деструктивті мінез-құлық формалары табылмайды, сонымен қатар агрессияның пайда болуына ықпал ететін шарттар, ата-аналардың сүйіспеншілік сезімдерінің жойылып, үнемі жазалауды қолдану кезінде пайда болатын фрустрацияның негізі болып табылады. Сонымен қатар, өшпенділік, ашу сезімдерінің тууы, ата-аналардың балаға деген талаптарымен

келіспеушілінен туындайды.

Д.Уотсон, А.Бандура агрессия - агрессиялық әрекетке тән ситуацияларды бақылап, әлеуметтік тұрғыдан тұрақтандыру, яғни әлеуметтену процесінде осындай мінез-құлықты игеру нәтижесінде пайда болады дейді.

Когнитивті бағыт фрустрация мен агрессияның таным процестерімен өзара байланысының жүйесінде қарастырады. Бұл бағыттың өкілі М.Раттер агрессияны мінез-құлық бұзылыстарын айқындайтын факторлардың бірі болып табылады. Онымен байланысты басқа да факторларды да атап көрсетті:

1. отбасындағы тәрбиелеудегі олқылық;
2. білімді алудағы үлгермеушілік;
3. мектептегі жағымсыз, келеңсіз жағдайлар.

Агрессияның пайда болуына себепті факторлардың тізіміне стресстік әсерлерді де қосуға болады (отбасындағы дау-жанжал, мектептегі үлгермеушілік, айналасымен нашар қырым-қатынас), яғни олар алдымен толысып, одан соң жаушылық кері әрекеттер ретінде көрінеді.

Гуманистік бағыт - (К.Роджерс, В.Франкл, Ф.Перлз) агрессия – индивидтің оның еркіндігін шектеуге жасалған әрекеттерге деген қарсылығы және мәжбүрсіз осындай мінез-құлықты көрсетуі деп түсіндірді. Агрессия – түрлі психологиялық қорғаныс ретінде көрініс беретін мінез-құлық болып табылады.

Міне, психологияда көптеген шетелдік теориялық бағыттар агрессия мәселесіне қатысты сұрақтарды әр бағытта қарастырған. Олардың барлығында да агрессияның табиғатына арналған және олардың өзіндік пайда болу ерекшеліктері мәселелеріне тоқталған.

Көптеген осы тақырыптағы зерттеулер кеңестік психологтардың, авторлардың да (Г.А.Андреева, В.В.Знаков, Л.Б.Колчина, О.Ю.Михайлов, А.А.Реан, Т.Г.Румянцева және т.б.) зерттеу жұмыстарында да кездеседі. Ресей психологиясында көрсетілгендей: «адам – эгоист, альтруист, сабырлы немесе мақтаншақ болып дүниеге келмейді, ол сондай адам болып қалыптасады». Тек адамның тұлға ретінде даму процесінде әртүрлі әлеуметтік жағымсыз, пайдасыз қасиет-белгілер пайда болуы мүмкін. (А.С.Макаренко).

Жасөспірім тек назар ортасында болуды ғана емес, ересектердің сенімі мен түсіністігін де талап тетеді. Ол тек құбыларының арасында ғана емес, сондай-ақ ересектер ортасында да өз орнын табуға ұмтылады. Бірақ, ересектер ортасында жасөспірімге деген қатынаста – «ол әлі бала, сондықтан тыңдау қажет» деген әлеуметтік позиция сақталған. Нәтижесінде, ересектер мен жасөспірімдер арасында психологиялық келіспеушілік-барьер өрістеп, көпшілігі мінез-құлықтың агрессиялық формасына көшеді.

Жасөспірімнің тұлғалық ерекшеліктеріндегі агрессивтілік қоғамдағы өзіндік ережелерден қанағат таппай, ересектердің түсінбеушілігіне қарсылық ретінде қалыптасатын негізгі форма. Жасөспірімнің агрессивті мінез-құлқы қарсылық көрсету сипатына ие болып, эпизодтық түрде пайда болып, қоршаған ортамен өзара қатынасын тұтас түрде бұзбайды. Ол тек тұлғаның жоғары әлеуметтік психологиялық қасиетінің сандық жеткіліксіздігінің, мінез-құлқының қате құрылуының, құндылық бағыт-бағдар жүйесінің әлсіздігінің салдары болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бандура А., Уолтерс Р. Подростковая агрессия. Изучение влияния воспитания и семейных отношений. М.: Эксмо пресс. 2010 ж.
2. Бэрон Р., Ричардсон Д. Агрессия. СПб.: Питер. 2017 ж.
3. Семенюк Л.М. Психологические особенности агрессивного поведения подростков и условия его коррекции. Москва, 2016 ж.

4. Паренс Г. Агрессия наших детей. Москва, 2017 ж.

ПРИЧИНЫ АГРЕССИИ ПОДРОСТКОВ И СПОСОБЫ ЕЕ ПРЕДОТВРАЩЕНИЯ

Аннотация

В данной статье речь пойдет о теоретической сущности и психологических причинах проблем склонности подростков к агрессии, а также о некоторых вопросах, придающих большое значение при ее коррекции.

Ключевые слова: подросток, поведение, агрессия, социальная среда, общение.

CAUSES OF TEENAGER AGGRESSION AND WAYS TO PREVENT IT

Abstract

This article will focus on the theoretical nature and psychological causes of the problems of adolescents' propensity to aggression, as well as some issues that attach great importance to its correction.

Keywords: teenager, behavior, aggression, social environment, communication.

МРНТИ 14.09.25

Ж.И.Сұлтан¹, Д.Г.Саммерс²
^{1,2}Баишев Университеті, Қазақстан
sultan_zhuldyz@mail.ru

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ОҚИТЫН БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒАЛАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ ДАМЫТУЫ

Аннотация

Қазіргі заманғы білім берудің болашақтағы міндеттері жас маманды интеллектуалдық ойлау және терең ақылмен, риясыз қызығушылықпен және өмірлік күш-жігермен ерекшеленуге тиіс деген. Бұл міндеттерді жүзеге асыруда негізгі білім, білік, жоғары білім жүйесінде оқу процесін ұйымдастыру жалпы Білім алушызаттық және ұлттық құндылықтарға негізделген дағдылар білім алушы өзін-өзі жетілдіруді талап етеді. Осыған сәйкес мақалада жоғары оқу орынында оқыту үрдісінде білім алушылардың өзін-өзі дамытуы басым бағыты ретінде қарастырылған.

Кілт сөздер: өзін-өзі дамыту, мотив іс әрекет, өздігінен білім алу, білім алушылардың өзіндік жұмысы.

Тұңғыш президент Н.Ә.Назарбаев өзінің әрбір халыққа арнаған жолдауларында, барлық жобілім алушырының бастамаларында әрқашан жастардың білімді болуы үшін күш жұмылдыруды талап етіп келеді. Білімді ұрпақ ұлттың келешегінің кепілдігі деп жастардың білімді, тәрбиелі, мәдениетті еңбекқор етіп өсіруді мемлекеттегі білім беру ісінің басты мақсаты етіп қойған. Ол ақпарат құралдарынан берілетін әрбір бағдарламада заманға сай білім алуға қажетті жанадан шығып жатқан барлық технологиялардың білім беру мекемелерінің жабдықтарында болуын қадағалап жастардың үш тілді меңгеріп шығуы қажеттігін айтып келеді. Бүгінде бұл тапсырма жастар арасында өз дәрежесінде орындалып жатыр деп айтсақ болады. Оның басты дәлелі жоғары оқу орындарында оқытын білім алушыларға алардың өз бетімен ізденіп, ағылшын, компьютер курстарына барып қосымша білім алуы. Яғни олардың өз бетімен білімін жетілдіріп, өзін-өзі дамытулары. Әдетте өзін-өзі

дамыту тұлғаның белгілі іс-әрекетке уәжінің (мотив) болуы итермелейді. Бүгінгі жастардың да өзін-өзі дамытуына итермелеуші түрткі ол жоғары оқу орнынан кейін магистратураға түсу немесе қосалқы тағы да басқа мамандықтарды игеру қажеттілігі болып отыр. Себебі қазіргі заман жастардан жан-жақтылықты талап етеді. Яғни Білім алушының заманға сай дамуы басты қажеттіліктердің бірі. Мәселенің мән жайы дұрыс түсінікті болу үшін Білім алушы дамуы, дамуға қажеттілік мәселелерінде тоқталуды жөн деп санаймыз. Жалпы Білім алушы дамуы - өте күрделі, ұзақ мерзімді және қарама-қайшылықты процесс. Өзіне тән ерекшелігі - Білім алушының физикалық, психикалық және рухани сапалық қасиеттерінің диалектикалық өтуі және жаңаруы. Әр түрлі көзқарас түсіндіру осы құбылыстар. Кейбір сарапшылардың пікірінше, Білім алушылардың дамуы кездейсоқ, бақылаусыз жүреді, даму өмір сүру жағдайларына байланысты, сондықтан туғаннан алынған күштерге сүйене отырып, кейбіреулер ешкім өзгерте алмайтын тағдырды анықтайды. Даму - бұл басынан бастап қозғалысқа қабілетті, даму жолында ескі жойылып, жаңасы пайда болады. Өмірге енжар, ол өз жұмысымен өзінің дамуы үшін қажет нәрсенің бәрін жасай алады [1].

Дамудың қозғаушы күші – қарама-қайшылықтардың өзара күресі. Осы қарама-қайшылықтардың арқасында үнемі өзгеріс пен өзгерістер болып тұрады. Қарама-қайшылықтар – жалпыға бірдей, ішкі- сыртқы, әмбебап, жан-жақты сонымен қатар барлық білім алушылардың дамуына және оларды қанағаттандыруға мүмкіндік беретін қарапайым материалдық және жоғары рухани қажеттіліктер. Ішкі жанжалдар әр білім алушының өз табиғатына қанағаттанбауынан туындайды. Олар жеке ниеттерде көрінеді.

Негізгі ішкі қайшылықтардың бірі пайда болатын қажеттіліктер мен оларды қанағаттандыру мүмкіндіктері арасындағы айырмашылық болып табылады. Негізгі ішкі қайшылықтардың бірі пайда болатын қажеттіліктер мен оларды қанағаттандыру мүмкіндіктері арасындағы айырмашылық болып табылады. Кейбір жастардың психикасы мен интеллектісі – әлеуметтік жағдайы жоқтығына қарамастан, үлкендермен жұмыс істеуге ұмтылады. «Қалаймын немесе алмаймын», «Білемін немесе білмеймін», «Мен алмаймын», «иә немесе жоқ» - мәңгілік қайшылықтарды айқындайтын екі ұғым. Білім алушының дамуын зерттейтін ғалымдар, даму заңдылықтары мен оның нәтижелерін анықтайтын және оларға әсер ететін бірқатар маңызды қатынастарды анықтады.

Неліктен кейбір Білім алушылар өз дамуында өте жоғары нәтижелерге қол жеткізеді, ал басқалары: кейбіреулерінде мұндай мүмкіндік жоқ? Бұл процесс және оның нәтижесі неге байланысты? Ұзақ мерзімді зерттеулер бұл мәселеде жалпы заңдылықты анықтады: Білім алушының дамуы ішкі және сыртқы жағдайларға байланысты. Ішкі жағдайлар-бұл Білім алушы ағзасының физиологиялық және психикалық қасиеттері. Сыртқы жағдайлар-Білім алушының пайда болуы мен дамуы, сыртқы ортамен тиімді өзара әрекеттесу процесінде Білім алушының ішкі мәні өзгереді, жаңа қасиеттер қалыптасады, бұл өз кезегінде одан әрі өзгерістерге әкеледі.


Іс-әрекет процесінде Білім алушының жан-жақты және тұтас жеке дамуы жүреді, оның әлемге деген көзқарасы, қарым-қатынасы қалыптасады. Тандалған іс-әрекеттің жоспарланған жеке қасиеттердің қалыптасуына ықпал етуі үшін оны қажет және мақсатты түрде ұйымдастыру керек. Бұл білім беру тәжірибесінде өте күрделі мәселе. Өкінішке орай, көп жағдайда бұл күрделілік даму мүмкіндіктерін шектейді; кейде студенттер ең қажетті жағдайларға белсенді араласа алмайды – Әлеуметтік, еңбек, танымдық, пассивті бақылаушы болып қалады және дайын ережелерге сәйкес оқудан өтеді.

Әрекет сипаты бойынша белсенді (белсенді) және пассивті (пассивті) болуы мүмкін. Тіпті құрт баланың өзі белсенді болып көрінгенін қалайды. Ол ақтарға, жасына қарамастан, кейбір талаптарды қояды, болып жатқан оқиғаларға, басқаларға, заттарға деген көзқарасын білдіруге тырысады. Қоршаған орта мен тәрбиенің ертерек әсер етуіне байланысты белсенділік жоғарылауы немесе кейде төмендеуі мүмкін. Мысалы, Білім алушы көп жұмыс

істей алады, бірақ қажет нәрсені пассивті түрде, көңілі қалмай, жұмыс істегісі келмейді. Мұндай қызмет Білім алушыға жоғары нәтиже бермейді. Дамудың тиімділігі белсенділікке, көңіл-күйдің жеткіліктілігіне байланысты.

Білім алушы таңдаған ісіне жан-тәнімен кірісіп, өзіндегі бар мүмкіндіктерін бәрін іске жұмылдырып, өзін кемелденген тұлға ретінде көрсете білуі қажет. Мұндай қызмет Білім алушыға қанағат ләззатын әкеліп, шабыт пен қуаттың көзіне айналады. Сондықтан да, іс-әрекеттің маңыздылығы оның өздігінен ғана емес сол әрекетте көрінетін тұлға белсенділігінің деңгейіне байланысты. Жастардың басым көпшілігі дамудың жоғары сатысына шығу үшін әдетте алдымен жоғары оқу орнына оқуға келеді. Бұл жастардың өзін-өзі дамытуға саналы түрде келген алғашқы қБілім алушыларының бірі. Жоғары оқу орнындағы білім алушылардың дамуына ықпал ететін негізгі мотивацияның элементтеріне ол білім алушылардың өз бетімен ізденіс жүргізуі, өз бетімен білім алуы, өзіндік жұмыстарды жүргізуі болып табылады.

Қазақтың бір туар ақыны, ағартушы Абай атамыз өз өлең жолдарында айтқандай, «...өзіңе сен өзінді алып шығар еңбегің мен ақылың екі жақтап», -деп Білім алушының барлық нәрсеге өзі жауапты болуын тапсырады. Яғни Білім алушының өзіндік «Мен»-і әрбір бастауларының барлығын өзіндік жауапкершілік арқылы жүргізілуін талап етеді. Бұл өлең жолдары сонау ХІХғ. айтылса да бұл қағида бүгінгі ХХІғ.-да да өз құндылығын жоғалтпаған. Қазіргі заман жоғары оқу орнында оқитын білім алушылардың шығармашылықты, тез шешім қабылдаушылықты (мобильділік), жоғары интеллектуалды және Білім алушыгершілік потенциалды, кәсіби құзыреттілікті және мәдениеттіліктің жоғары болуын талап етеді. Сондықтан жоғары оқу орындарында оқитын білім алушылар қасиеттерді бойында дамыту үшін ең алдымен өзін-өзі дамытуы керек. Білім алушылардың немесе жалпы Білім алушының дамуының бірнеше көпқырлығы бар. Оның жүйесін келесі суреттен анық байқауға болады[2]:



Білім алушының іс-әрекеті сияқты әрекеті де таңдау сипатына ие. Жеке тұлғаның дамуы ешқандай әсерден туындамайды, оның ішінде білім алушының дамуы қарқынды жүреді, тек Білім алушы өзінің жеке қажеттіліктеріне сәйкес келетін жеке көзқарасына сәйкес әсер етеді. Осыған байланысты біз жоғары оқу орындарында оқитын жастарды өз

бетінше іздеуге жол ашу үшін Білім алушылардың өзіндік жұмысына назар аударуымыз керек деп санаймыз. Өзіндік жұмыс өзіндік жұмыспен орындалған кезде, оның барлық компоненттерінде - кешенді, зерттеу, проблеманы қалыптастыруға көшу кезінде Білім алушылардың белгілі бір тәуелсіздігі жұмыстың қарапайым формаларын орындаудан, өзін-өзі бақылау мен түзетуге көшу кезінде пайда болады; бұл Білім алушылардың танымдық қабілеттерін қалыптастыру құралы, сонымен бірге бұл оқу іс-әрекетінің бір түрі. Бірақ дидактикалық мақсаттарда өзіндік жұмыстың келесі түрлері бар::

- 1) жаңа білім алу, өз бетінше білім алу;
- 2) білімді нығайту және анықтау;
- 3) оқу және практикалық міндеттерді шешу үшін білімді қолдану дағдыларын қалыптастыру;
- 4) практикалық дағдыларды қалыптастыру;
- 5) шығармашылық сипаты, күрделі жағдайларда білімді қолдана білуді қалыптастыру[3].

Білім алушылардың өзіндік жұмысы– (SRSP) - оқу жұмысының барлық басқа түрлерінің міндеттерін қорытындылайды. Ешбір білу мүмкін емес жеке түрі болып саналмайды, жоғары игілік-Білім алушы. Практикалық маңыздылығымен қатар, ЖЖБИ белгілі бір дағдылар мен дағдылардың жиынтығы ретінде ғана емес, сонымен қатар қазіргі заманғы жоғары білікті маманның жеке құрылымында маңызды рөл атқаратын мінез-құлық белгісі ретінде де маңызды. Сондықтан, әр университетте, әр курста IOPS материалдары барлық Білім алушылардың басшылығымен мұқият таңдалады. SRSP-тің негізгі мақсаты: студенттерді оқуға үйрету, яғни оқу процесінде білім мен дағдыларды өз бетінше игеру қажеттілігі мен дағдыларын дамыту. Өзіндік жұмыс Білім алушылардың ұйымдастырушылық және тәртіптілік, мәліметтер мен оқиғаларды талдай білу, белсенділік пен бастамашылық, тәуелсіз ойлау сияқты қасиеттерін дамытуға әкеледі, бұл шығармашылық дамуға және өз ойлары мен сенімдерін қалыптастыруға әкеледі.

Білім алушылардың жоғары оқу орындарында өздігінен білім алуы да дамудың алғашқы кезеңі болып табылады. Өздігінен білім алу-бұл мұғалімнің көмегінен өз бетінше оқу арқылы білім алу. Бүгін түрлі ақпарат көздерін өздігінен білім алуға арналған жастар. Оларға мыналар жатады: Интернет, қашықтықтан оқыту, студенттік ғылыми конференциялар және т.б. сондықтан өздігінен білім алуға және дамуға ұмтылатын әр жас тек белсенді болуы керек. Себебі белсенділік білім алушыға оқу процесінде әлеуметтік тәжірибені тезірек және сәтті жинақтауға мүмкіндік береді. Қарым-қатынас жасау, қарым-қатынас жасау қабілеттерін дамыту, қоршаған шындыққа деген көзқарасты қалыптастыру. Білім алушының интеллектуалды дамуы танымдық белсенділікпен бірге жүреді. Бұл үшін білім алушыны танымдық функцияларды шешумен ғана емес, сонымен бірге алған білімдерін іс жүзінде қолдану қажеттілігімен де ажырату керек. Себебі еңбек қызметі Білім алушыды өзінің рухани-Білім алушыгершілік әлемін тез және тиімді қалыптастыруға итермелейді, оны ауыр және өнімді жұмысқа бағыттайды [4].

Әр Білім алушының өзіндік қызметі оның қабілеттері мен таланттарының дамуы мен сәттілігінің қажетті шарты болып табылады. Қандай да бір керемет педагогикалық мектеп оқушыларын тәрбиелеумен айналыспаңыз, білім алушының өз тілегінсіз нәтиже болмайды. К. Д. Ушинскийдің айтуы бойынша, білім алушының өзі оқуы керек, ал мұғалімнің іс-әрекеті оны үйрену керек материалмен қамтамасыз ету, оқу процесін басқару болып табылады. Осыдан дұрыс тәрбие тек студенттерге педагогикалық әсер ету объектісіне ғана емес, сонымен бірге тәрбиесін белсенді түрде өз қолына алатын пәнге де тән[5].

Жеке белсенділік - бұл қажетті шарт қана емес, сонымен қатар дамудың нәтижесі. Әлеуметтік белсенді, іскер, шығармашылық Білім алушы әрқашан өз мақсатына жетеді, бұл өзіне және басқаларға бірдей мейірімділік пен қуаныш сыйлайтын жан. Педагогикалық тесттен кейін саналы, ұйымдасқан әрекет студенттерді кез-келген қызметпен қамтамасыз ете алады. Өсіп келе жатқан тұлғаның мүмкіндіктерін жан-жақты ашып, өзін өз күштерін

белсенді пайдалану, жеке ерекшеліктерін терең зерттеу, әр Білім алушының табиғи қасиеттері мен таланттарын барынша дамыту үшін қажетті құралдармен қаруландыру. ақылды тәлімгер-мұғалім. әр Білім алушының толықтығы. қоғам алдындағы құрмет пен парыз. Сонымен, Білім алушылардың дамуы үшін маңызды жағдайлардың бірі-олар жақсы білімді, өз бетінше жұмыс істемеуі, мақсаттарына жетпеуі керек. Әр сабақ білім алушының қалауымен және шартты түрде белсенді түрде жүргізілуі керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. А.С. Сейтақов, «Өзін-өзі тану пәнін оқыту ерекшеліктері», «Самопознание.kz» журналы – 2021.
2. Б. Айтұқызы, «Өзін-өзі тану» рухани-Білім алушыгершілік білім беру бағдарламасының ықпалдастыру әлеуеті», «Самопознание.kz» журналы – 2016.
3. Райымбекова Т.Қ., Жаңабекова Г.Ж., «Өзін-өзі тану» рухани-Білім алушыгершілік білім беру бойынша ғылыми тұрғыда сапалы мониторинг өткізудің ерекшеліктері», «Самопознание.kz» журналы – 2011.
4. Айванхов О.М. "Познай самого себя". Джнани-йога. — М.: Изд-во Просвета, 2020.
5. Берне Р. Что такое Я-концепция // Психология самосознания. Хрестоматия. — Самара: Изд. Дом «БАХРАХ-М», 2018.

САМОРАЗВИТИЕ СТУДЕНТОВ, ОБУЧАЮЩИХСЯ В ВУЗах

Аннотация

Будущие задачи современного образования состоят в том, чтобы юных казахстанцев отличали самобытный интеллектуальный потенциал и глубокий интеллект, безграничный интерес и жизнелюбие. При реализации этих задач организация учебного процесса в новой системе высшего образования требует саморазвития студентов на основе базовых знаний, навыков, умений, общечеловеческих и национальных ценностей. Соответственно, в статье саморазвитие студентов рассматривается как приоритетное направление образовательного процесса в высшей школе.

Ключевые слова: саморазвитие, мотивационное действие, самообразование, самостоятельная работа студентов.

SELF-DEVELOPMENT OF STUDENTS STUDYING IN UNIVERSITIES

Abstract

The future tasks of modern education are to ensure that young Kazakhstanis are distinguished by their original intellectual potential and deep intellect, boundless interest and love of life. In the implementation of these tasks, the organization of the educational process in the new system of higher education requires self-development of students on the basis of basic knowledge, skills, abilities, universal and national values. Accordingly, the article considers self-development of students as a priority direction of the educational process in higher education.

Key words: self-development, motivational action, self-education, independent work of students.

МРНТИ 14.25.09

Т.С.Жұмабек

Баишев Университеті, Қазақстан
tursin_87@mail.ru

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫСЫ ӨМІРІНДЕГІ МҰҒАЛІМ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация

Бұл мақалада бастауыш мектеп оқушысы өміріндегі мұғалім тұлғасының қызметі мен рөлі туралы баяндалады. Бастауыш сынып оқушысы мен мұғалімінің арасындағы өзара қарым-қатынастың оқу қызметінде және оқыту мен тәрбиелеудегі маңызды ерекшеліктері айқындалып, оқушы тұлғасын қалыптастырудағы мұғалім қызметінің қыр-сыры жете ашып көрсетіледі.

Кілт сөздер: мұғалім, оқушы, танымдық ойындар, шығармашылық қабілет

Бастауыш мектеп оқушысының өмірінде мұғалім ерекше орын алатыны белгілі. Бұл жерде баланың тек қана жақсы баға алу емес, сонымен қатар мұғалімнің сөйлеу ырғағы, жүріс-тұрысы, балаға деген қатынасының дұрыс және бірқалыпты болуы барлық жағынан да балаға әсер етеді. Мұғалімнің сөйлеген сөзінен бала оның позициясын, бағасын, сәйкес жағдайларға деген көзқарасын байқап, соған еліктеуге ұмтылыстар жасап отырады. Педагог тұғысынан бағалау балаға өзін-өзі көрсете білуін, өзіне деген сенімділікті қалыптастырады.

Қазіргі психологиялық-педагогикалық зерттеулер мен білім тәжірибесі балалардың шығармашылық дамуының өзі және оның шарықтау шегі осы кіші мектеп жасында болатынын көрсетіп отыр. Осындай жаңа қызмет типінің пайда болуын Л.С.Выготский шығармашыл оқу қызметіне ауысу, кіші мектеп жасындағы баланың іс-әрекетке деген басқаша ойларының пайда болатынын ескерсек, яғни баланың түпкі ойының іске асыруына мүмкіндік туатынын, жағдаяттан ойға емес ойдан актуализацияға бару қызметі қалыптасады [1, 25]. Сондықтан да осы жастағы оқушылардың елестету қызметі белсенді сипат алып, шығармашыл оқу қызметіне деген қабілеті дами бастайды. Осындай жағдайда мұғалім оқушы үшін жетекші рөл атқарып, оның өміріндегі жетекші ересек адам ретінде өз қызметін атқарады.

Мұғалім бастауыш сынып оқушысы үшін оның түпкі ойдан берілген оқу тапсырмалары мен материалдарын игеруде оқу қызметі атқаруда өз бетінше іс-әрекет жасау, білімін комбинациялау және өз сезімдерін шынайы түрде жеткізу мен көрсетуге көшу кезеңінде [2, 24] мұғалім оның барлық ішкі сезімін түсіну үшін кіші мектеп оқушысының психологиялық ерекшеліктерін өте жақсы игергені болуы керек.

Бастауыш сынып оқушысы мен мұғалімінің арасындағы өзара қарым-қатынас оқу қызметінде оқыту мен тәрбиелеудегі маңызды шарт болып табылады. Оқушының мұғаліммен қатынасының негізінде барлық оқу қызметіне, мектепке, қоршаған ортасына деген қарым-қатынастар қалыптаса бастайды. Мұғалім мен оқушының арасындағы адамгершілік құндылықтардың қалыптасу үдерісі мұғалімнің бала үшін маңызды тұлға екендігін толықтай сезініп, өз қызметіне аса мән беруін талап етеді. Оқушы мен мұғалімнің арасындағы іскери қатаң стильдегі қатынастардың орнатылуы оқушының мұғалімге деген қызығушылығын төмендетеді және қарым-қатынастың ішкі астарының сөгілуіне әкеледі. Алғашқы күннен бастап мектепке келген баланың жан-жағына қарап, өзінің жаңа ортасын игерудегі мұғалімнің рөлінің маңызды екендігін осыдан көруге болады.

Л.С.Выготскийдің еңбектерінде баланың тәжірибесін кеңейтіп, оның үлкен талпыныстар жасап, жақсы нәтижеге жетуіне ықпал ету керек, оның оқу қызметіне шығармашылықпен қарауға негіз салынуына жол ашып отырғаны дұрыс деп көрсетіледі [1, 25]. Бала қаншалықты көріп, естіп, көрген білгенін өз бойынан өткізе білсе, болмыстың элементтерін танып-біліп, оны меңгерсе, соншалықты оның оқу қызметі өнімді болады. Кіші мектеп жасындағы балалар ойнау арқылы көптеген оқу қызметін игеретіні анықталған, алайда ол ойындар ересектердің білікті жетекшілігімен өткізілгенде ғана олардың

шығармашылық қабілеттері оянып, түпкі ойларын іске асыру мүмкіндіктерін туғызады [3, 32]. Бастауыш мектеп оқушысы көбіне ақыл-ой, есептер шығару сияқты ойындарға қызығушылық танытады. Дамытушы, танымдық ойындар баланың есте сақтау, ой, зейін, шығармашылық елестетуін, анализ, синтез (құбылыстар мен заттың жалпылық, жекелік, қасиеттерін көрсете білу, оларды салыстыру) жасау, кеңістіктік қатынастарды қабылдау, конструктивті білік пен шығармашылықты дамыту, оқушылардың бойында байқампаздықты дамыту, ой пікірін негіздемеу, өзін-өзі тексере білу әдетін, қойылған міндетке сай баланың өз қызметін ұйымдастыруын, бастаған ісін аяқтауға үйретеді. Мұғалім бұл жерде оқушының білім деңгейі мен ақыл-ой даму арасында белгілі тәуелділік болады. Алайда мұғалім оқушының ақыл-ой дамуын тек қана алған білім көлемімен өлшеуі дұрыс емес. Ақыл-ойды дамыту үшін белгілі бір ақылой операцияларын игеруі және ойлаудың логикалық тәсілдерін игеру керек екендігін мұғалім білуі керек. Оқушының оқу қызметін атқаруда мұғалімнің жетекші рөлін айта отырып, оның барлық іс-әрекетінің баланы дамыту мен тәрбиелеуге бағытталып қана атқарылғаны дұрыс. Мұғалім ойын әдісін қолдануда әрбір баланың дара ерекшелігін ашады, оның қызығушылығын анықтайды, мінезінің жақсы және теріс жақтарын таниды. Бала ойыны үдерісін бақылау педагогке өз тәрбиеленушілерін зерттеуге бай материал береді, әрбір балаға деген дербес қарым-қатынас құру жолдарын табады [3, 13]. Сондықтан да ойындар адам қызметінің уәждемелері мен адамгершіліктік мәнін ашатын мазмұнды, тәрбиелік мәні бар, балаларды ересектердің өмірінің құбылыстарындағы нақты аясымен таныстыруға бағытталған болуы керек. Кіші мектеп жасындағы оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуге әсер ететін маңызды бағыттар ретінде көркем әдебиет пен бейнелеу өнері, дене тәрбиесі, сөйлеу мәдениетін атауға болады. Балалардың эстетикалық қабылдауы оған әсер ететін сыртқы қызметтермен байланысты болады. Ол оқылған әдеби шығармадағы кейіпкерлер, кино немесе ертегі кейіпкерлері болуы мүмкін. Егерде бала ойша кейіпкер өміріне қатынаспаса, өзін сол бейне орнына қоймаса, ол автор берген образдарды елестете алмайды. Бұл дегеніміз бала кез келген ойды, сезімді сыртқы қызмет көмегінсіз игере алмайды дегенді білдіреді. Бала кинолар мен шығармалардың әсер арқылы оның елестетуінде пайда болған киноленталар бейнелері мен ассоциацияларды шынайылыққа айналдыра алады. Осыған байланысты көркем шығармаларды қабылдаудың мынадай ерекшеліктері ажыратылады: баланың өзінің ішкі белсенділігін суретке салу, драматизациялау, өз бетінше ізденістер мен шешімдерді табу [4, 25].

Көркем шығармаларды және суреттер бойынша қабылдауда баланың дербестігі көрінеді. Олардың кейбіреулері шығармалардағы бейнелердің бөлшектеріне назар аударса, кейбіреулері кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынастарды атайды, кейбіреулері тіпті сезімдер туралы, ал біреулері белсенді дене қимылдарын, қозғалыстарды айтады. Бала сонда өзінің жеке ерекшеліктеріне тәуелді бейнелерді құрады, бұл жерде оның тұлғалық және көркем елестетулерінің ерекшеліктері көрінеді [5, 25].

Көркем шығармаларды қабылдауда баланың шығармашылық, эстетикалық қабілетіне жол ашылады, баланың бойында шығармашылықтың дамуына ықпал етеді. Баланың бойында нақты бір қызмет түріне пәнге деген қызығушылық пайда болып, ол табысты қызмет атқару үшін өзінің ойын шығармаларды, бейнелерді есіне түсіру арқылы белсендіреді. Көркем шығармамен танысу арқылы сапалық жағынан келіп түсетін жаңа ақпарат және оның оқу қызметінде ойын тәсілімен бекітілуі баланың өресін кеңейтіп, шынайы қызмет туралы біліммен байытады. Кітап, көркем сурет арқылы мұғалім баланың қажет материалды оқуға, оған деген терең, тұрақты қызығушылықты қалыптастыруға ықпал жасап отырады [6].

Оқу қызметіне деген саналы қатынас баланың шығармашылық елестетуіне, өз қызметіне жауапкершілікпен қарауға, қажет материалдарды таңдай білуге, эстетикалық талғамын дамытуға әсер етеді. Бұл қызметтер өз кезегінде мақсатты түрде жасалып, оқу үдерісінде бала түрлі ізденістер жасап, өз білімдерін жұмылдыруға, түрлі дерек көздерден

алған сезімдерін айта білуге, талдауға, жинақтауға жол ашады. Ал баланың эстетикалық тәрбиесіне көркем шығармалардың тікелей әсер ететіні жалпыға белгілі. Осы тұрғыдан мұғалім балаға қажет ақпараттарды жеткізуге, оның кино, кітаби, көркем сурет шығармаларын тануға арналған тапсырмалардың аса мұқият таңдалуына мән бергені дұрыс. Өйткені мұғалімнің эстетикалық талғамы кіші мектеп оқушысының да талғамын қалыптастырудың тікелей көрсеткіші болып табылады. Сондай-ақ кітаптар, көркем суреттермен танысу баланың эмоционалды реакциясы, тұрақты зейінімен сүйемелденіп, олардың бойында адамдар туралы жаңа білім қалыптастыру қажеттіліктері туындап отырады. Бұл өз кезегінде баланың оқу және сабақтан тыс қызметтерінде көрініс тауып, олардың қойылған міндеттерді шешуде шығармашылық танытып, түрлі жаттығуларды орындаудың жолы болып табылады [5, 23].

Мұғалімнің қызметі бұл жерде баланы қызықты, мазмұнды қызметтерге оқыту, үйрету. Балалар ойын арқылы оқытуда ересектердің қызметіне еліктейді, бірақ оларды дәме-дәл қайталамайды, өздерінің ойындағыларды біріктіріп, өз ойлары мен сезімдерін білдіреді, ол өз кезегінде елестету, өз бетінше қызмет атқаруға, іс-әрекет жасауға кез болады [7, 234-235]. Сондықтан да бастауыш мектеп мұғалімі балалар ойын таптаурындыққа айналдырмай, балаларға еркіндік беріп, оларды ынталандыруы керек. Балалардың тапсырмаларды өздері құрастыруға, мақсат қоюға итермелеп, балалардың ынтасын шектемей, оларды жұмылдырып, ойында қатаң тәртіп орнатуға ұмтылмауы тиіс [8, 33-48]. Бастауыш мектеп мұғалімі оқушының білім алу жолындағы алғашқы тұлға болғанықтан оның міндеті баланың ынтасын, өзіндік санасын, өз бетінше іс-әрекет жасауына жол ашып, олардың балалық өзінділігін сақтап, білім алып, оқуға деген қуанышын күшейтуге ықпал жасайды. Оқыту және тәрбиелеу тәсілдерінен мәжбүрлеуді алып тастау, бала үшін қиялдамау, ол үшін шешім қабылдау тәсілдерін ойлап таппау керек. Тек қана олардың қызығушылықтарын, сезімдерін дамытуға әсер етіп, ойлары мен елестетулерін жұмыс жасауға бағыттау керек. Мұғалімнің осындай жетекшілігі ғана баланың бойында шығармашылықтың қалыптасуының негізі бола алады [9]. Балаға жеке бақылау жасау маңызды болып табылады. Баланы оқыту мен тәрбиелеуде және оның барлық қызметіне деген шығармашылықты қалыптастыруда ол өзінің қабілеті мен икемділігін тауып отырады. Сондықтан да шығармашылық тапсырмаларды түгел бір сыныпқа емес, жеке оқушыға немесе кішігірім топқа берген дұрыс. Өйткені мұнда жұмыс әрбір баланың жеке мүміншіліктері мен ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді. Сонымен кіші мектеп жасындағы баланың шығармашылық қабілеті мен эстетикалық талғамын тәрбиелеуде мына шарттардың орындалуы анықталды:

- эмоционалды жағымды атмосфераның болуы;
- оқыту мен тәрбиедегі баланың ынтасын дамыту;
- оқушыларға еркіндік пен дербестік беру;
- оқыту үдерісінде баланың шығармашылық қабілетін дамыту үшін арнайы жұмыстар

жүргізу [2, 49-58]. Педагогикада кіші мектеп оқушысының креативтілігін дамытуға арналған арнайы әдістер бар, солардың ішінде авторлар бірлестігімен (С.Л.Новоселова, Е.В.Зварыгина, Н.Ф.Комарова т.б.) жасалған оқытуды ойын формасында басқару әдісі қызығушылық танытады. Орталық идеясы – баланың жас ерекшелігін және оның оқу қызметін ескеретін оқытудағы жүйелілік тұрғы. Оның мазмұны мына компоненттерден тұрады:

- баланың өмірлік тәжірибесін жоспарлап байыту;
- өмірлік тәжірибені балаға берудегі педагогтің балалармен біріккен ойындары;
- баланың өмірлік және оқу тәжірибесін байытуда ескерілетін пәндік-оқыту ортаны дер кезінде өзгертіп отыруы;
- балалардың бірбірімен өзара қарым-қатынасқа түсуіне әсер ететін олардың оқытуда жаңа білімді және міндеттерді шешу тәсілдерін өз бетінше қолдануға бағытталған

ересектердің балалармен белсенді қарым-қатынасы.

Бұл компоненттер негізінен оқытуды басқарудың жанама және тікелей басқарылуына сай келеді. Авторлар соның ішінде жанама әдістерге көңіл бөледі, өйткені оқыту мен оқу о бастан балалар үшін өз бетінше жұмыс түрінде ұйымдастырылады және де балалар жаңа есептер мен жаттығуларды ойлап табуында оқу міндеттерінің берілу әдістеріне аса мән береді (тәжірибені белсендіру қабілетін дамытумен байланысты).

Сонымен баланың оқыту мен тәрбиедегі креативтілігін дамытуда баланың ынтасына аса мән беру керектігін көреміз, ал мұғалім баланың қызметін басқарып, үйлестіруші ретінде бағыт беріп отыруы тиіс деген тұжырымға келеміз.

Баланың мінез-құлқын басқарып отыру үшін мұғалім сендіру, талап, иландыруды қолданады. Сендіру баланың нормативті мінезқұлқын тәрбиелеуге бағытталады, ол өз кезегінде деректері және тәуелділіктерді біріге отырып талдау арқылы жүзеге асырылады. Ал талап ол қатаң бұйрық, тыйым салу, өкім түрінде көрініс тауып отырады. Эмоционалды реңкі бойынша талап агрессивті, бетін қайтарумен қатар жылы, мейірімді, іске ұмтылдыру түрлерінде де болады. Агрессивті талаптар – мәжбүрлеу, ал мейірімді талаптар – ұмтылдыру түрінде көрініс тауып отырады.

Иландыру, ақыл айту, ескерту, алдын алу, ұрысу, жек көру түрлерінде көрініс тауып отырады. Эмоционалды реңктері бойынша мейірімді және агрессивті болады. Эмоционалды реңк сөйлеу формасымен қатар, интонация, ишараттар, пантомимика арқылы да көрініп отырады. Қазіргі педагогикалық психологияда педагогикалық қарым-қатынас стилінің түрлері ажыратылады, көп тарағаны авторитарлы, демократиялы, либералды қарым-қатынас стильдері. Олардың әрқайсысының мәні теориялық және практикалық әдебиеттерде нақты көрсетілген. Аталған иландыру, талап қою, сендірудің педагогикалық қарым-қатынас стилінің қалыптасуына әсерін нақтырақ қарастырып көрелік.

Авторитарлы стиль мұғалімнің мәжбүрлеуші талаптары мен агрессивті сендіруі арқылы қалыптасады. Талап оқушыны тәртіпке шақыруға бағытталып отырса, агрессивті сендіру нұсқау айту, ашу шақыру, ескерту, сөгу арқылы көрініп отырады. Ал демократиялық стильдегі жетекшілік сендіру мен бұйыру талаптары, мейірімділікпен сендіру арқылы іске асырылады. Сендіре отырып мұғалім балаларға ережелерге бағыну керектігін, оның пайдасын түсіндіреді, баланы ережелерге бағынудың бағалы екендігіне сендіреді. Талаптың үйреншікті түрлері болып табылатын бұйрықтар, тыйымдар, өкімдер демократиялық стильде жұмылдырудың түріне айналып отырады. Ол үшін мұғалімнің дауысынан жылылық сезінілуі керек. Мейірімді түрдегі сендіру, ақыл айту өтініштер арқылы иландырумен іске асып отырады. Мұғалімнің мұндай стильде қарым-қатынас жасауында балаға деген сенім мен оған деген жанашырлығы көрініп отырады.

Мұғалімнің либералды-немқұрайлы басқару стилінен оның сабаққа деген және пәннің проблемасына деген зейінінің жетіспейтіндігінен көрініс береді. Педагог қарым-қатынаста белгілі бір тәртіпке жүгінбей, қарым-қатынас сипатының мұғалім тарапынан емес, оқушылардың басшылық алуын өрсетеді де, мұғалім олардың дегеніне көнетіндігін көруге болады. Оның ондай стилінен кіші мектеп оқушыларының өз тәртіптері мен қарым-қатынас құруларының реттемейтіндігі туындайды.

Кіші мектеп жасындағы оқушылардың бойында авторитарлы стиль толық мұғалімге бағыныштылықты дамытса, либералды-немқұрайлы стиль оқушылардың қарым-қатынастары мен мінез-құлқын реттей білуден алшақтатады. Ал өз мінез-құлқын реттеп отыру өздігінен пайда болмайтындығын ескерсек, олардың тәртібін бақылап отырудың болмауы, толықтай тәртіпсіздікке әкелетіні белгілі.

Өзара қарым-қатынастағы демократиялық стиль оқушылардың бойында өз тәртіптерін реттеп отыруға әсер етеді және оны қалыптастыруға ықпал етеді. Ал либералды-немқұрайлы стиль мұғалімге бағынуды да, өз мінез-құлқын реттеп отыруды дамытуға негіз бола алмайды. Мұғалімнің қарым-қатынас стилі кіші мектеп оқушысының эмоционалды күйіне әсер етеді.

Авторитарлы стиль оқушының көңіл-күйін түсіріп, олардың бойында эмоционалды мазасыздықтың, реніштің, жек көрудің пайда болуына әсер етсе, демократиялық стиль оқушының көңіл-күйінің көтеріңкі болуына, эмоционалды қуаныштың, қанағаттану сезімінің, өз күшіне деген сенімділіктің пайда болуына негіз болады. Либералды-немқұрайлы стильдегі қарым-қатынаста бірде ретсіз және негізсіз қуаныш пен көтеріңкі көңіл-күйдің пайда болуына әкелсе, бірде қанағаттанусыздыққа, шектелуге, эмоционалды қабылдау сезімдерінің тоқтауына әкеліп отырады. Осындай стильді ұстанатын мұғалімдермен жұмыс істеуді оқушылар жақтырмайды, өйткені ретсіз көңіл-күйдің өзгеріп отыруы оқушыға қатты әсер етіп, оқу қызметтерінің алғашқы дағдылары қалыптаспай қалады. Кез келген бастауыш мектеп мұғалімі үшін балалармен жұмыс істеу мен қарым-қатынас құрудың стилін анықтап отыру міндетті болып табылады, яғни олар өздерінің баламен жұмыс істей алу қабілетін анықтап алғаны дұрыс.

Қорыта айтқанда, бастауыш мектеп оқушысы өміріндегі мұғалім тұлғасы өткен тәжірибесін жаңамен ұштастыра алатын кәсіби қызығушылығы жоғары танымы биік, бастаған ісінің нәтижесін көре алатын, ғылыми зерттеу жұмыстарын таңдай білетін, педагогикалық үрдістің заңдылықтарымен етене таныс, оқытудың әдістемелік жаңалықтарынан хабардар, оқыту үрдісін ізденімпаздықпен арттыратын өз ісінің шебері болуында.

Әдебиеттер тізімі:

1. Выготский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте. Изд. 2-е, М., 1957.,25.
2. Богоявленская Д.Б. О предмете исследования творческих способностей // Психологический журнал.-1995.-т.16.-№5,24.
3. Выготский Л.С. Избранные психологические исследования.-М.,1956.,32.
4. Запорожец А.В. Избранные психологические труды: В 2-х т.т. I. Психологическое развитие ребенка.-М.: Педагогика, 1986,25.
5. Люблинская А.А. Детская психология. Учебное пособие для студентов педагогических институтов.-М.: Просвещение, 1971,25.
6. Леонтьев А.Н. Проблемы развития психики. Изд.2-е.-М.,1965.
7. Люблинская А.А. Очерки психологического развития ребенка. 2-е изд.-М., 1965, 234-235
8. Панов В.И. Некоторые теоритические и практические проблемы одаренности. // Прикладная психология.-1998.-№3, 33-48
9. Одаренные дети: пер. с англ. \общ.ред. Бурменской и Слуцкого.-М.,1991

ОСОБЕННОСТИ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧИТЕЛЯ В ЖИЗНИ МЛАДШЕГО ШКОЛЬНИКА В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация

В данной статье рассказывается о деятельности и роли личности учителя в жизни младшего школьника. Раскрываются важные особенности взаимодействия ученика и учителя начальных классов в учебной деятельности и в обучении и воспитании, раскрываются тонкости деятельности учителя в формировании личности ученика.

Ключевые слова: учитель, ученик, познавательные игры, творческие способности

FEATURES OF THE TEACHER'S ACTIVITY IN THE LIFE OF A JUNIOR STUDENT IN THE EDUCATION SYSTEM

Abstract

This article describes the activities and the role of the teacher's personality in the life of a younger student. The important features of interaction between a student and a primary school teacher in educational activities and in teaching and upbringing are revealed, the subtleties of a teacher's activity in the formation of a student's personality are revealed.

Keywords: teacher, student, cognitive games, creativity

МРНТИ 06.81.19.

Пірімжанова А.П.¹, Сембигалиева С.Р.²

^{1,2}*Баишев университеті, Қазақстан*
pirimzhanovaa@mail.ru

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Аннотация

Мақалада инновациялық технологияларды оқу үдерісіне пайдалану ерекшеліктері қарастырылған. "Инновация" ұғымын анықтаған және анықтаған ресейлік ғалымдардың бірі- Н.Нұрахметов. Қазіргі уақытта білім беру процесіне "жаппай" енгізілетін инновациялық технологиялар өзекті проблемалар аясында пайда болады, білім беру процесінің әдістеріне жаңаша көзқараспен қарайды және оны үздіксіз жаңғыртуға бағытталған.

Білім беру жүйесіндегі басым бағыттардың бірі білім беру процесін технологиялық дамыту кезінде кепілді білім беру нәтижелеріне қол жеткізу болып табылады. Оқу процесін өзгерту үшін сіз шығармашылықпен жұмыс істеуіңіз керек. Өйткені, бұрын оқушы тек когнитивтік, диск және ассимиляция рөлін атқарды, ал қазір, жаңа талаптарға сәйкес, ол тәуелсіз оқушы деп танылды. Сондықтан, адам осы рөлдерді орындауға лайық болуы үшін оның жаңа бейнесін заманауи талаптарға сәйкес дайындау қажет.

Кілт сөздер: инновация, инновациялық технология, технология,

Қазақстанда ең алғаш «Инновация» ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым Немеребай Нұрахметов. Ол: "Инновация, біз инновациялық процесс деп атайтын нәрсе-бұл білім беру мекемелерінің инновацияларды құруға, дамытуға, қолдануға және таратуға байланысты жеке қызметі. Н. Нұрахметов" инновация " білім беру мазмұны, әдіснамасы, технологиясы, тәрбие жұмысын ұйымдастыру, мектеп жүйесін басқару туралы ой қозғайды және өзінің жіктеліміндегі инновацияларды ерекшелейді, қайта құру саласы бірнеше түрге бөлінеді: жеке (жеке, өзара тәуелді емес); модульдік тип (өзара байланысты жеке кешен); жүйелік тип (мектепті толық қамтитын) [1].

Қазіргі мұғалімдердің басты міндеті - білім беруді нәтижеге бағыттау, яғни жаңа инновациялық технологияларды игеру екені белгілі. Қоғамның жаңа қажеттіліктерге сәйкес білім беру процесіне инновациялық тәсілдерді енгізу мұқият зерттеуді және оқытушының шығармашылық әсерін талап етеді. Осыған байланысты қазіргі заманғы инновациялық технологияларды дамытуға ұмтылу қажет, олар әрбір оқушының қабілеттеріне байланысты білім беруді қамтамасыз етеді, оның дербестігін, білімқұмарлығын, креативтілігін тәрбиелейді. Өйткені, оқу процесін мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес ұйымдастыру оқушылардың білімін бақылау үшін жаңа педагогикалық технологияларды, инновациялық Бақылау-өлшеу құралдарын енгізуді қамтиды. Оқытудың жаңа педагогикалық технологиясы қазіргі тенденцияларға негізделген және ізгілендіруге, өзін-өзі дамытуға және тәрбиелеуге қабілетті үйлесімді, жан-жақты тұлғаны қалыптастыруға бағытталған. Бұл оқушылардың кәсіби білім сапасын арттырып қана қоймайды, сонымен қатар олардың қабілеттеріне,

дамуына және өздеріне сыни көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Жаңа білім беру технологияларын енгізу, ақпараттандыру, білім беруді дамыту. Бұл мұғалімнің жеке басын зерттеуге, оны барлық жағынан тәрбиелеуге және білім беру мақсаттарына қол жеткізуге тиімді және айқын жол ашады [2].

Бұл әр мұғалімнен жеке тұлғаға, оның мүдделері мен қызметіне қатысты айтарлықтай өзгерістерді талап етеді. Біз сондай-ақ жаңа білім беру технологияларын игеру және жұмыстың тиімді тәсілдерін іздеу бойынша үнемі жұмыс істейміз. Мақсат та айқын. Бұл баланың жеке басын қалыптастыру және шығармашылық ынтымақтастық, балалардың мектепке деген қызығушылығын және оқуға деген ынтасын арттыратын заманауи педагогикалық технологияларды қолдану үшін жағдайлар.

Инновация-бұл процеске жаңа әдістер мен стандарттарды енгізу. Мойынсұнудың, қайталаудың, еліктеудің орнына жаңа талаптар туындайды: проблемаларды көре білу, оларды тыныш қабылдау және өз бетінше шешу. Бұл өмірдің барлық салаларына қатысты: күнделікті, әлеуметтік және кәсіби. Инновациялық білім іргелі ғылымды, білім беру процесі мен өндірісті интеграциялау арқылы жаңа білімді құру процесінде оқытуды қамтиды. Білім берудің басты жаңғыртушы факторы бола отырып, ол білім беруді дамытудың жаңа негіздерін өзімен бірге алып жүреді. Педагогикалық процеске байланысты инновациялар оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттарына, мазмұнына, әдістері мен нысандарына жаңаларын енгізуді, оқытушы мен студенттің бірлескен қызметін ұйымдастыруды білдіреді. Инновацияның мақсаты-дәстүрлі жүйемен салыстырғанда студенттің жеке басын сапалы өзгерту. Бұл кәсіби қызметке практикаға белгілі емес, яғни педагогикалық дағдарысты жеңу үшін дидактикалық және оқыту бағдарламаларын енгізу кезінде мүмкін. Инновацияның негізгі мақсаты-балаларды белсенділікті, алынған мәліметтер арқылы тәуелсіз қозғалуды ынталандыруға, шығармашылық тұрақсыз ойлауды қалыптастыруға, ғылым мен практиканың соңғы жетістіктерін қолдана отырып, олардың табиғи қабілеттерін барынша ашуға байланысты дамыту. Білім берудегі инновациялық қызмет адамның адамгершілік өзін-өзі жетілдіруге бағытталған әлеуметтік маңызды тәжірибе ретінде маңызды, өйткені ол қоғамдағы барлық тәжірибелердің өзгеруін қамтамасыз ете алады. Оқыту әдісін таңдаған кезде мұғалімнің сенімділігі оның біліміне қарағанда көбірек байланысты болады, өйткені оқу процесінде ол сыныптағы барлық нәрсеге әсер ететін жаңа идеяларды қабылдауға сенеді, сондықтан ол алдын-ала және кейінгі оқыту әдістемесін қайта қарастырады. Қоғамның мұғалімге қойылатын заманауи талаптары мұғалім өз мүмкіндіктерінен тыс үнемі өзін-өзі тәрбиелеумен айналысуы керек. Ол тез өзгеріп, сыныпта жаңа тәсілдер мен технологияларды қолдануы керек. Бір сөзбен айтқанда, мұғалім уақытты бақылауы керек.

Инновация-бұл жаңа нәтиже беретін, жаңа мазмұн жасайтын, инновацияларды, жаңа модельдер бағытында нақты қызметті енгізетін, кәсіби қызметті белгіленген көлемнен тыс жаңа сапа деңгейіне шығаратын жаңа теориялық, технологиялық және педагогикалық іс-әрекеттің тұтас бағдарламасы.

Білім беру-бұл әлеуметтік жағдайды жақсартудың құралы ғана емес, сонымен бірге болашаққа апаратын жол. А. Байтұрсыновтың жұмысында "мектеп керек" дейді ол:

"Қалай болғанда да, мұғалім, мектеп және мектеп ондай болмайды. Яғни, егер мұғалім білімді болса, онда ол мектеп балаларының көбірек білім алуын қалайды. Сонымен, ең алдымен, мектеп педагогикасын жақсы білетін, қалай сабақ беруді білетін мұғалім".

Демек, мектеп білімі мен тәрбиесіндегі басты тұлға-мұғалім..

Жалпы инновацияны үш түрге бөлуге болады. Олар: модификациялық, комбинаторлық, радикалдық.

Инновациялық модификация-бұл бұрын болған боскичтің дамуы, модификациясы. Бұған мысал ретінде В.Ф.Шаталовтың математика туралы рефераты және оны көптеген мұғалімдер қолдануы жатады [3].

Комбинаторлық модификация – бұл бұрын қолданылмаған кейбір элементтердің жаңа жиынтығы. Бұған пәндерді оқытудың заманауи әдістері дәлел бола алады. Білім беруде мемлекеттік стандарттарды енгізу іргелі жаңалық болып табылады. Мемлекеттік білім беру стандартының нысандары негізінен білім беру деңгейінің параметрлерін, көрсеткіштерін және сапасын өлшейді.

Педагогикалық жүйенің барлық компоненттеріндегі инновациялар (инновациялар) процесін жүзеге асыру үшін келесі жұмыстарды жүргізу қажет. Біріншіден, оқытудың дәстүрлі емес формалары мен оқытудың жаңа әдістерін қолдану. Екіншісі-оқушыларға ойлау қабілетін қалыптастыруға, жаңалықтарды тез қабылдауға және өмірде жаңалықтарды қолдана білуге үйрету.

Орта мектеп мұғалімі ретінде мен күнделікті жұмысым үшін келесі міндеттерді қоямын:

Оқу процесінде жаңа технологияларды барынша пайдалану;

Оқу – тәрбие үрдісін компьютеризациялау және технологияландыру.

Білім берудегі жаңа инновациялық технологиялар:

-дамыта отырып оқыту әдістемесі (Л. Занков) ;

-біліктілікті арттыру (С.Лысенкова);

-бағалау (Ш. Амонашвили);

-базалық қозғалыс сызбасы және қосалқы жазбалар бойынша оқыту (В. Шаталов);

-сараланған білім беру технологиясы;

-деңгейлік міндеттер арқылы білім беруді дамыту;

-модульдік оқыту (М. Жанпейісованың);

-сыни ойлау технологиясы;

Сыни ойлау технологиясы.

"Оқу және жазу арқылы сыни ойлауды дамыту" бағдарламасы қазіргі уақытта білім мен дағдыларды өмірде қолдана алатын оқушы тәрбиесінде ерекше орын алады.

Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту бағдарламасы - бұл әлемнің түкпір-түкпірінен келген оқушылардың бірлескен жұмысы, ал бағдарлама-бүкіл әлемнен келген оқушылардың бірлескен жұмысы. Пиажет л. с. Выготскийдің теориялары негізінде [5].

Сын тұрғысынан ойлау стратегиясы бойынша жүргізілетін жұмыста оқушылардың:

1. өздігінен жұмыс жасап, шешім қабылдау.
2. осындай іс-шаралардың ең тиімдісін таңдау мүмкіндігі.
3. проблемаларды шешу қабілеті.
4. пікірталас жүргізу мүмкіндігі қалыптасуда.

Сын тұрғысынан ойлаудың маңыздылығының нәтижесі:

1. Әдістер түрлері.
2. белсенді жаттығу
3. қарым-қатынас жасау, басқалармен қорғану қабілеті.
4. қажет болса, өз көзқарасыңызды өзгертіңіз.
5. топтық тұжырымдарға келу мүмкіндігі.
6. топ алдында сөз сөйлеу және өз тұжырымдарын айту қабілеті.

Жалпы «Сын тұрғысынан ойлау технологиясының» көптеген стратегиялары бар, солардың ішіндегі стратегияларға тоқталатын болсақ:

Мәселен, "даралық және ұқсастық" білім беру ойынында оқушылар пәнді өз бетінше оқиды, теориялық білімдерін жинақтайды және жинақтайды, топпен жұмыс істеуді үйренеді. Олар өзара құрметтеуге, бір-бірін тыңдай білуге үйренеді.

Жүйені қосыңыз (түртіңіз). Осы тәсілмен оқу материалы дайын түрде беріледі, мәтінді оқып шығыңыз, ол бүйір немесе кесте түрінде жазылған: "V" - Мен білемін" + "Мен үшін жаңа" - "мен басқаша ойлаймын"?"- Мен түсінбедім, көбірек білгім келеді.. Венн

диаграммасы-екі затты алып, олардың сипаттамалары мен ұқсастықтарын салыстырыңыз. "Мырыш" әдісі. Бес жолдан тұратын өлең деп те аталады. Ол рефлексияның әр кезеңінде қолданылады.

